

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

Базалық (тірек)

конспекттер

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша

- 0701000** – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»
0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»
0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»
0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»
1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»
мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән
бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № 4 дан «1» XII 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.



Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 2018 жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 2019 жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары  Минаева Н.Т.



Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1
Қортынды бақылау - Емтихан

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

Базалық (тірек) конспектер

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша

0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»

0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»

0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»

0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»

мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән
бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № __ дан «__» _____ 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.

Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 20__ жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 20__ жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары _____ Минаева Н.Т.

Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1

Қортынды бақылау - Емтихан

Мазмұны

№ р/ с	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
1.	Кіріспе. Қазақстан Республикасының Конституциясы.	5-7
	1. Бөлім. Көне замандағы Қазақстан.	8-13
2.	Қазақстан территориясындағы алғашқы қауымдық құрылыс.	8-9
3.	Қола дәуіріндегі Қазақстан тайпалары.	10-11
4.	Тайпалық одақтар және көне мемлекеттік бірлестіктер.	12-13
	2. Бөлім. Орта ғасырлардағы Қазақстан.	14-22
5.	Қазақстан территориясындағы ерте ортағысырлық мемлекеттер.	14-15
6.	X - XIII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы мемлекеттер.	16-17
7.	Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Қазақстан.	17-18
8.	Қазақ хандығының құрылуы.	19-20
9.	XVI -XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы.	21-22
	3. Бөлім. Ресей империясының құрамындағы Қазақстан.	22-34
10.	Қазақ жерлерінің Ресейге қосыла бастауы.	22-24
11.	XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың ортасындағы қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы.	25-27
12.	Отарлау саясатына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы.	28-29
13.	XIX ғасырдың екінші жартысындағы әкімшілік реформалар. Қазақстан - Ресей империясының отары.	30-32
14.	XX ғасырдың басындағы Қазақстан.	33-34
	4 Бөлім. Кеңес өкіметі кезіндегі Қазақстан.	35-46
15.	Азаматтық қарама-қарсылық жылдарындағы Қазақстан (1917-1921жж.).	35-37
16.	Тоталитарлы жүйенің күшеюі кезеңіндегі Қазақстан. Қазақстандағы индустриализация (1926-1940)	38-39
17.	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақста (1941-1945жж.) және соғыстан кейінгі кезең	40-42
18.	50 ж. - 80 ж. бірінші жартысындағы Қазақстан.	43-44
19.	Қазақстан КСРО дағдарысы мен ыдырауы кезеңінде	45-46
	5 Бөлім. Тәуелсіз Қазақстан.	47-56

20.	Мемелкеттік тәуелсіздікке ие болу.	47-49
21.	Нарықтық экономика жолдарындағы Қазақстан.	50-52
22.	Қазақстанның саяси-құқықтық құрылымының қалыптасуы.	52-54
23.	Қорытынды жалпылау. Қазақстан және әлімдік қауымдастық.	55-56

Қазақстан тарихы пәні.

Тақырып №1: Қазақстан республикасының Конституциясы.

Жоспар:

- 1) ҚР Конституциясы.
- 2) ҚР Конституциясының қоғамдағы ролі.

Конституция – латын сөзі, «құрылым» деген мағына береді. Конституция ұғымының қазіргі түсінігі XVIII ғасырдан бастап орнады. Алғашқы конституция 1787 жылы АҚШ-та, содан соң 1789 жылы Францияда қабылданды. Кез-келген конституция қоғамда орныққан тәртіптердің негізгі ұстанымдарын бекітіп береді, мұнда ел өміріндегі аса маңызды өзгерістер көрініс табады. Негізгі заң ретінде тұжырымдайды. Сондықтан да ҚР конституциясы елімізде қолданылып жүрген барлық заңдардың ірге тасын қалайды. ҚР конституциясының заңдардың заңы болуы шындық, ақиқат. ҚР қазіргі конституциясы – Тәуелсіздіктің бастысы, ал реті бойынша төртінші (1924жылы; 1937жылы; 1978жылы; 1993жылы; 1995жылы). ҚР қазіргі Ата Заңы 1995 жылы 30-тамызда республиканың бүкілхалықтық дауыс беруі арқылы қабылданды. Ата Заң қабылданған күн-демалыс, мемлекеттік мереке, ҚР Конституциясы күні деп жарияланды. Ал 1993 жылы 28-қаңтардағы Конституция өтпелі кезеңнің ережесі болды. Ол 4 бөлім, 27 тарау, 131 баптан тұрды. Бөлімдері:

1. Адам бостандығы
2. Қоғам, оның құрылысы
3. Мемлекет, оның органдары
4. Конституция, оны жүзеге асыру кепілдігі.

Бұл конституция дағдарыста тұрған экономиканы алға басу жолдарын ұсынбады. Парламент пен президент арасындағы, парламент пен үкімет арасындағы кейбір мәселелерді толық шеше алмады, президенттің құқықтары және өкілеттік мерзімі шектеулі болды тағы басқа. Және бұл конституция одақ көлемінен шыға аламады, сол себептен дамыған қоғам

құру үшін мемлекеттің заңдық күшін берік ету үшін 1993 жылы конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет болды.

1995 жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдум қабылданды, онда алдағы конституцияға өзгерістер енгізілді.

1. Мемлекетті дұрыс басқару.
2. Экономиканы түбегейлі реформалау.
3. Ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.
4. Сындалысыртқы саясат жүргізу.

1995 жылы конституция бойынша 9 бөлім бар:

1. Жалпы ережелер.
2. Адам және азамат
3. Президент.
4. Парламент.
5. Үкімет.
6. Конституциялық кеңес.
7. Соттар және сот төрелігі.
8. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару.
9. Қортынды және өтпелі кезеңдер.

1995 жылғы конституция бойынша ҚР былай деп сипатталады: демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік, біртұтас, президенттік басқару

Бакылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының «Адам және азамат» атты II бөліміне сараптама жасаңыз. Қазіргі заманда адам бостандығы мен азаты толықтай жетілдірілген бе деп ойлайсыз ба?
2. Сіз қалай ойлайсыз, не себепті Қазақстан Республикасы Конституциясына америкалық және франциялық Конституцияларының ережелері алынған? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
3. Сізге Қазақстан Республикасы Конституциясының қай тармағы аса қызығушылық тудырады? Не себепті?
4. «Менің Қазақстан Республикасы Конституциясына ұсыныстарым» тақырыбы бойынша эссе жазыңыз.
5. «Конституция» терминіне өз түсінігіңізді беріңіз.

Тақырып №2: Қазақстан территориясындағы алғашқы қауымдық құрылыс.

Жоспар:

1) Көне замандағы қазақстан.

2) Қазақстан территориясындағы алғашқы тұрақтар.

Белгілі бір әлеуметтік экономикалық формацияның дамуына байланысты адамзат тарихы ұзақ ұзақ кезеңдерге бөлінеді. Адамзат тарихы тас, қола және темір дәуірлеріне бөлінген. Олар кезеңдер мен мәдениетерге бөлінген.

Көне тас ғасырының (палеолит) дәуірі адамзат және оның шаруашылығының қалыптасу кезі өндіргіш төмен деңгейінде болуы мен сипатталады. Бұл кезеңде табиғаттың дайын тұрған өнімдерін пайдаланумен ғана шектелген. Ерте палеолит ірі ірі үш кезеңге бөлінеді: ерте палеолит, орта палеолит, кейінгі палеолит және үш ірі дәуірге бөлінеді: олдувай, (2.6 млн.-700 млн.); ашель (700 млн-150-120 млн); мустье (150-200млн-31-30 млн ж. бұрын).

Бүкіл тас дәуірінде еңбек құралы тастан жасалды. Екінші кезең ескерткіштері Орталық Қазақстаннан табылды. Құдайкөл (Сарыарқаның теріскей шығыс шеті); Жезқазған қаласынан 150 шақырым жердегі Жаман айбат; Қарағанды обл. Жезді ауданынан табылған Обалысай тұрақтарын бөліп айтқан жөн. Бүгінгі таңда авторлар Күрпейісов пен Алдажұмановтар 1989 ж. маусымда тапқан Қозыбай атты олжалы жер ШҚО территориясындағы ең ежелгі ескерткіш болып табылады. Келесі мустье кезеңінде тас өңдеудің жаңа тәсілі пайда болды. Бұл кезеңдегі ескерткіштер де өте көп, солардың ішінде 1958 ж. Х.Ф.Алпысбаев тауып, кейін Ш. Уәлихановтың атымен аталған, көп қатпарлы тұрақта бес мәдени қатпар бар, олардан жылқы қодастың, бұғының сүйектері табылды. О.Қ.О Алғабас ауданындағы Арыстанды өзенінің оң жағалауындағы осынау тұраң қатпарлары жердің қазіргі бетінен әр түрлі тереңдікте көлденең жайғасқан, бұзылмаған күйінде сақталған бірден бір тұрақ. Кейінгі палеолит бұдан 35-30 м.ж - 12-10 м.ж дейінгі уақытты қамтиды. Бұл адамзаттың жердің барша климаттық зоналарына тарап қоныстанған және нәсілдермен және нәсілдік топтардың құрылған кезі. Үңгір

тұрағы Бұқтырма өзенінің оң жағалауындағы шығанақ мүйісіне орналасқан, ол кіретін жері батысқа қараған, бір бірімен жалғасып жатқан екі қуыс. Ол жерден шеңберлі ретуші бар қырғыш, калақ, пышық тәрізді құрал нуклеус т.б. табылған. Кейінгі палеолит тұрақтары көп зерттелген. Неолит (б.з.б. 5 м.ж). Ол тас өңдеу техникасының әбден жетеген кезі. Еңбек құралдарын жасау ісінде уақыт өткен сайын мамандандыру әрекеті күшейе түседі. Қыспа ретуш техникасының жетілуінің бірге тастың өңдеудің жаңа технологиялық тәсілдері: тегістеу, бұрғылау, аралау т.б. тастың қиын өңделетін түрлердің бәрі қажетке асырылады, тас балталар, кетпен шаттар, дән үккіштер жасалады. Қазақстан жерінде бірнеше неолиттік молалар бар. Солтүстік Қазақстанда көп.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Көне Қазақстан аумағында неолит, палеолит және петроглифтардық тақырыптық бағыты қандай еді? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Не себепті Қазақстан Республикасының Оңтүстік аймағына бірінші боп көне гоминидтар орныққан? Толық сараптама беріңіз.
3. Қазақстан Республикасы аумағындағы палеолит кезеңін хронологиялық тізбекте түсіндіріңіз.
4. Сіз адамзаттың қалыптасуы бойынша қай теорияға ұстанасыз (моноцентрикалық немесе полицентрикалық)? Не себепті?

Тақырып №3: Қола дәуіріндегі Қазақстандағы тайпалар.

Жоспар:

- 1) Қазақстандағы Қола ғасыры. Оның алатын орны.
- 2) Андронов мәдениеті.

Тас дәуірінен кейін қола дәуірі келеді. Біздің жерімізде қола дәуірі б.з.б. 3 м.ж. басталған. Қола дәуірі адамзат дәуірінде ерекше орын алады. Бұл дәуірде адамзат металды игерді. Ал өндіріске металдан жасалған құралдардың енуі еңбек өнімділігін арттырды, шаруашылықтың түрлерінің пайда болуына себеп болды, жаңадан әлеуметтік қатынастарды қалыптастырды.

Адамзат баласының ой санасы, өмір сүру тәжірибесі заман өткен сайын өсіп, өзгеріп отырады. Өндірістік тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа берілді. Сөйтіп, қоғамдық дамуда көбіне алға басу.

Жер жүзінде адамзат баласы металды қай кезде, қай жерлерде игерді деген сұрақ туындады.

Металлургияның ең көне орталықтарына Қазақстан жеріне жатады. Оған қазіргі Жезқазған жері, Қалба жоталары, Алтай қойнауы бар.

Қола дәуірі екі кезеңге бөлінеді. Алдыңғы б.з.д. 18-17 ғғ, ортаңғы кезеңдер (б.з.д. 15-12 ғғ.). Қола дәуірінің үлкен мәдениеті - Андронов мәдениеті. Алғашқы ескерткіштері (Андронов мәдениеті) деген жерден табылған. Андронов мәдениеті Жайық өзенінен бастап, Енисей өзеніне дейінгі аралықта ендік бойынша Батыс Сібір орманды алқабынан бастап, оңтүстікте Хорезмге, Сырдың орманды төменгі ағысына дейін таралды. Мәдениеттің соңғы дәуірінде (б.з.д. 12-8ғғ.) Беғазы-Дәндібай мәдениеті қалыптасқан. Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерінің ең көп таралған және жақсы зерттелген аймағы Орталық Қазақстан. Андрон мәдениетін Ә.Қ.Марғұлан зерттеген. Ол Андронов мәдениетін екі кезеңге бөлген:

а) алдыңғысы Нұра кезеңі;

б) ортаңғысы Атасу кезеңі.

ШҚО-ң қола дәуірі: төрт кезеңге бөлінеді:

а) Усть Бөкен кезеңі (б.з.д. 18-16ғғ.)

б) Қанай кезеңі (б.з.д. 15-13ғғ.)

в) Кіші Красноярск кезеңі (б.з.д. 8-9ғғ.)

г) Трушниково кезеңі (б.з.д. 9-8ғғ.)

Мұнда көп қола орындары зерттеліп, одан пышақ, біз, тері жұмсартқыш қалақша, асықтар т.б. табылды.

Солтүстік және Батыс Қазақстан. Бұл өңірлерде қола ескерткіштері көп кездеседі. Қола дәуірінің 150-ден аса қонысы, 200 қорымы кездеседі. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу. Аз зерттелген. Өлікті өртеп барып қою ғұрпы басым болған. Қола дәуірінде жерімізді жайлаған тайпалар зергерлік

өнер туындыларын қалдырды. Олар: шығыршықтар, сақиналар, білезіктер т.б. Қола дәірі тайпалары металдан әр түрлі заттарды жасауды жақсы игерген. Қола дәуіріндегі ең қатты өрістеген өнер түрі құмыралар жасау. Олар әдемілігімен қоса, бүйірінде, ернеуінде салынған әшекейлері болған. Қола дәуіріндегі кен өндірушілердің қонысы кенәшке жақын болды. Кенді қорыту үшін өте күрделі құрылысты қазандықтар салынды. Қазандықта ауа үрлейтін көрік жұмыс істеді. Осындай қазандықтар көне кен орындарынан көп табылған.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қай ғылым Көне Қазақстан артефактары туралы толық ақпарат береді? Не себепті?
2. Андроновтардың, көрші тайпалармен салыстырғанда алдыңғы қатарда болуына не себеп болды? Жауабыңызды толық түсіндіріңіз.
3. «Ежелгі Қазақстан» атты бейнефильмін аудиториялық көрсетілімнен кейін қорытынды эссе жазыңыз.
4. Неолит және қола дәуірінде Қазақстан аумағында мал шаруашылығы пайда болуына не себеп болды? Толық жауап беріңіз.
5. Қалай ойлайсыз, ежелгі адамдар қола құйындысын қандай әдістермен алған?

Тақырып №4: Тайпалық одақтар және көне мемлекеттік бірлестіктер

Жоспар:

1. Тайпалық одақтар және көне мемлекеттік бірлестіктер, сақтар.
2. Ғұндар және үйсіндерге сипаттама беру.

Тарих ғылымы белгілі бір мәселені зерттеуді деректер жинаудан бастайды. Деректер тарихи болмысты шындық тұрғысынан оқып үйренуге бағыт береді. Көне деректерге сүйінсек, бактриялықтар, сағдылар мен хорезмдіктердің теріскей жағын «желдей жүйрік атты көшпелі тұрлар» мекендеген. Парсы деректерінде тұрлар Сақтар деп аталады. Ал грек авторларының тұжырымдамаларында олар скифтер деген атпен белгілі.

Б.з. 1ғ. көне Рим оқымыстысы Плинийдің Үлкені Яксорттың (Сырд. Көне аты) арғы бетінде скиф тайпалары тұрады. Парсылар жалпы оны сақтар деп атайды. Қазіргі жеткен деректерге қарағанда, сақтар малшылар болған. Олар жылқы, ірі қара, ұсақ малдарды өсірген, шеттерінен шабандоздар және садақшы мергендер екен. Парсының сына жазуларында сақтардың үш тобы туралы сөз болған: Парадарайя (теңіздің арғы бетіндегі) Хаомаварга (хаома сусынын жасаушылыр) Тиграхауда (шошақ бөрікті). Сақ тайпалары тарихы қорымдар, жартастағы суреттер, сақ бұйымдарының көрмелері. Б.з.д. 1мж. сақтардың қару жарағында «аң стилі» болған. Сақ заманында «аң стилі» кең тарайды. Еуразияның далалық тұрғындарының ат әбзелдерінді қару жарақтарында ат бейнесі көрініс тапты. Аң стилі үш кезеңге бөлінеді. Сақтарда сословиелік билік көрініс тапқан. Патша, шонжарлар мен салт аттылар, құлдар, жаяу жауынгерлерге бөлінді. Алтын адам 1969ж. Есік қорғанынан табылды.

Ғұндар. Қытай тарихнамасы Сыма Цянь (б.з.д. 145-86жж.) орталық Азияны б.з.д. 7-6 ғғ. мекендеген «солт. көршілерін» ғұндар деп атайды. Б.з.д. 3 ғ.с. Ғұн мемлекетті әскери басшы тәңірқұты басқарды. Олар көп соғыс жүргізді. Көршілері қытаймен, үйсіндермен, қаңлылармен қарым қатынасы жақсы болды. Тарихтағы «ұлы қоныс аудару» орталық Азияның саяси картасына, этникалық құрамына өзгерістер әкелді.

Үйсін, қаңлы мемлекеттері.

Қытай деректерінде үйсіндер орта Азиядан шыққан. Олар өте ежелгі халық. Үйсіндер Жетісуға орта Азияның түкпірінен қоныс аударып келді. Б.з.д. 4-3 ғғ. аталады. Б.з.д. 170-160 жж. үйсін мемлекеті құрылды. Жетісуда ел дамып, гүлденді. 630 мыңы бар сол аймақтағы ең ірі елге айналды. Хань империясымен тығыз байланыс орнатты. Б.з. 5 ғ. дейін Жетісуда өмір сүрген Үйсін мемлекетті аварлар құлатты. Б.з.д. 2 ғ. екінші жартысындағы «халықтың ұлы қоныс аударуы» нәтижесінде Қазақстан саяси картасында өзгерістер пайда болды. Б.з.д. 2 ғ. қаңлы мемлекеті құрылды. Олар Қытай деректерінде «кангюй» деп аталады. Аумағы Сырдың төменгі ағысында

болды. Оның аталыры ғұндарға көршілес . Кейін олар ғұндардан жеңіліп, Іле, Жетісу, Ферғана өңіріне келген.

Тайпалардың экономикалық құрамдары әр түрлі болды. Ғұндар түркі тілдес, ал түрі монғолоид тектес болды. Үйсіндер көне қытайдың үйсін тайпасы мен қазақтың үйсін тайпасының үлкен туыстықтары бары байқалды. Қаңлылардың бет пішіні еуропойдық болған. «Олардың көзі шүңіртектеу, мұрты қоңқақ» деп суреттеледі. Барлық тайпалар өздерінен артқа көп мәдени мұра қалдырған.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Не себепті «сақ» этнонимі соншалықты көп мағына береді? Бұл туралы не айтуға болады?
2. Геродот сақтар туралы не жазды? Толық сараптама беріңіз.
3. Не себепті тарихшылар үйсіндер мен қаңлылардың шығу тарихы бойынша бір мәмлеге әлі де келер емес?
4. Қазақтың қай тайпасы, яғни қазіргі заманда өз иаты айтып тұр ежелгі тайпа одағына қатынасы бар?
5. Не себепті сақтар иноирандық тайпа деп есептеледі? Жауабыңызды дәлелдеңіз

Тақырып №5: Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер

Жоспар:

1. **Түрік қағанаты**
2. **Қарлұқ тайпалары**

Қазақстан және көршілес аймақтардың ортағасырлық этностық тарихы түркілердің тарихымен байланысты. Қазақстан жерінде түркі тектес, түркі тілдес тайпалардың көне заманда да болғаны белгілі. Түркілердің этностық тарихы б.з. 5 ғ. басталды. Түрік этнонимі алғаш рет Қытай жылнамаларында 542 ж. аталады. Қытай жылнамалары түркілерді ғұндардың ұрпағы деп атаған. Бастапқы кезде түркі деген сөз түркі тілдес көшпелілердің ішіндегі

басқарушы ақ сүйек ру өкілдеріне ғана қатысты болды. Кейінгі кездерде түркі деген атау саяси мәнге ие болды. Тарихи аренаға алғаш шыққан түркі тайпаларының бірі – теле. Олар қазіргі Монғолия жеріндегі Гоби шөлінің солтүстігінен батыста Тянь Шань тауына дейінгі жерлерді жайлаған. Телелер одағына 15 тайпа кірген.

Түрік қағандығы. Түріктер 552ж Солтүстік Монғолия жерінде Түрік қағанатын құрды. Оның алғашқы қағандары Бумын, Қара қаған, Мұқан қағандар еді. Осы қағандардың тұсында түрік қағанаты көршілес мықты тайпаларды бағындырған. Мұқан қаған тұсында бүкіл Ішкі Азия, Оңтүстік Сібір жері, Оңтүстік – Батыс Манчжуриядағы қидандар, қарақытайлар, Тува жерінде Енисей қырғыздары бағындырылды. Істеми қаған тұсында түріктер батысқа қарай жылжып, Жоңғария жерін, Қазақстанның, Орталық Азияның шығыс аймақтарын бағындыра бастады. VI ғасырдың II жартысына қарай түріктер бүкіл Қазақстан жерін, Орталық Азияның біраз бөлігін бағындырып, Қара теңіз жағалауына дейін жетті. 582-603жж Түрік мемлекетінде ыдырау процесі жүрді. 603ж. Түрік қағанаты Шығыс және Батыс Түрік қағанаттарына бөлінді. Шығыс Түрік қағанатының жұрты көк түрік, ал Батыс Түрік қағанатының жұрты «он» оқ будун» - «он оқ елі» деп аталды. Алдында қидан елін Енисей қырғыздарын басып алған Шығыс Түрік қағанаты, 711 жылғы Инел қағанмен оның бас қолбасшысы Тоныкөктің тұсында түркештерді өзіне қаратты. Бұдан соң 716ж. Білге қағанның тұсында Түріктер қытай әскерлеріне үлкен соққы берді.

Батыс түрік қағанаты да өзіне жаңа жерлерді, елдерді жаулап алып жатты. Олар 588ж. Еділ бойын, Орал тауының бергі бетіндегі елдерді, Орталық азияның біраз бөлігін өздеріне бағындырды. VII ғасыр алдына қарай түркі тайпаларына жататын түркеш тайпасының күшейуі байқалды. Шу мен Іле өзендерінің аралығында алыптасқан түркештер VI ғасырдан бастап Батыс түрік қағанатына кірген. Олар: Қара түркештермен Сары түркештер болып екіге бөлінді. Сонымен түркештер 7ғ.с. Шаш қаласынан бастап, Тұрпанға, Бесбалыққа дейінгі жерді бағындырды.

8ғ. 2 ж. Оңтүстік шығыс және Шығыс Қазақстан жеріне қарлұқ тайпалары келді. Қытай деректері оларды түркітайпаларына қоспайды, тек түріктер бағындырған тайпа деп есептейді. Дегенмен қарлұқтардың түркі тілдес, түркі тектес тайпа екендігін кейбір қытай деректері көрсетеді. Олар бұрынғы Батыс Түрік қағанатының жерінде билік құрды. Бұрынғы Батыс Түрік қағанатының, одан соң түркештердің орталығы болған Суяб, Талас қалалары олардың орталығына айналды. Қарлұқтар үш үлкен Болат, Шығыл, Ташлық деген тайпаларға бөлінді.

Түркештер заманында, одан кейін өарлұқтар заманында Орталық Азияның біраз жерлерін Арабтар жаулап алған еді. Олар Арабтармен әр кез соғысып отырды. 751ж. Арабтармен Қарлұқтар бірігіп Талас өзенінің бойында қытайға өатты соққы берді. Сөйтіп Жетісу мен Орталық Азия Қытайлардан азат етілді.

756ж. Қарлұқтар түркештерді толық жеңіп, Оңтүстік Шығыс Қазақстанда өзінің толық саяси билігін құрды. Осы кезеңде, бұдан кейінгі оң жылдықтарда да қарлұқтардың бірден бір қарсыластары шығыстағы Тоғыз оғыздар болды. Олар кейіннен Шығыс түркістанның батыс бөлігін, Жетісудың біраз жерін қарлұқтардан тартып алды. Тоғыз оғыздардың құрамына кіретін Яғма, Сеянто тайпалары Шығыс Қазақстан жерлерінде билік құрды. VIII ғасырдың соңына қарай Қазақстан жеріне түркі тектес көшпелі оғыз тайпасы кліп қоныстанды. Оғыз тайпалар одағына қарлұқтар, халаждар, жағралар, шарұқтар, кейінірек қанғар печенегтер топтары кірді. Кейбір зертеушілердің пікірінше, оғыз тайпалар бірлестігіне түркі тектес тайпалар мен қатар үнді Европа тілдес тайпаларда кірген.

Оғыздардың алғаш жайлаған жері Сырдың ортаңғы, төменгі ағысы, Арал теңізінің маңы, Қаратау жоталары, Шу, Балқаш өңірі. Тоғызыншы ғасырда Оғыздар Каспий аумағына қарай ауып, Жайық, Ырғыз, Жем, Ойыл өзендері, Мұғалжар таулы аймағына, одан әрі Жайық пен Еділ аралығына қоныстанды. Оныншы ғасырда оғыздар хазарларды талқандап, кавказ сыртынан алдыңғы Азияға дейін жетті. Оғыздар Қазақстан жерінде болған екі ғасырдай уақытта

басқа түркі тайпаларымен өзара этностық, мәдени шаруашылық ықпалдастықта болды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Не себепті түрік этносы коптеген Азия халқының атамекені деп есептеледі? Не себепті ариялық этнос түрік этносына гегемония бойынша жол берді? Толық жауап беріңіз.
2. Не себепті Түрік қағанаты ыдырап кетті? Жауабын интерактивті тақтада кесте ретінде көрсет.
3. Жібек жолының Ерте-орта ғасыр Қазақстан мемлекеттер тарихында қаншалықты маңызды еді? Не себепті Жібек жолын «өмір артериясы» деп атайды? Толық жауап беріп, түсіндіріңіз.
4. Түріктерде билікті атадан балаға беру қағидасы не туралы айтады? Сақтардың саяси билік қағидасынан айырмашылығы қандай?
5. Түргеш қағанаты не себепті ұзақ жасай алмады? Сараптамалық жауап беріңіз?
6. Түрік мәдениеті сол заман тарихында қаншалықты маңызды болды? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
7. «Күлтегін» эпосын сараптамадан өткізіңіз. Оның ішкі мағынасы неде? Сіз неге олай ойлайсыз?
8. Сіз қалай ойлайсыз не себепті номадизм-табиғатпен астасу?
9. Байлықтың қабаттасуы оғыз және қимақ қоғамында мемлекеттік аппараттың құрылуына қалай әсер етті? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
10. Ислам діні түрік мемлекетінің қалыптасуында қандай рөл атқарды? Толық сараптама беріңіз.

Тақырып №6: X – XIII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы мемлекеттер

Жоспар:

1. **Қарахандар мемлекетінің құрылуы**
2. **Қарақытайлардың құрылуы**

Қарахан әулетінің атасы Сотұқ Бограхан болып есептеледі. Саманилердің қолдауына сүйеніп, ол өз ағасы Оғылшаққа қарсы шығады да, Қашғар мен Таразды өзіне қаратады. 942ж. Сатұқ Баласұғын билеушісін құлатып, өзін жоғарғы қағанмын еп жариялайды. Осы кезден бастап, Қарахандар мемлекетінің өз тарихы басталады.

Қарахандар мемлекетінің құрылуы мен ерте тарихында басты рөлді Қарлұқ конфедерациясының тайпалары атқарады, Бұл конфедерацияға Қарлұқтармен қатар, Шігіл және ягма тайпалары да кірген еді. 992ж. Қарахандар Шығыста Хотанды, Батыста Бұқарды жаулап алады. Амудария Қарахандармен Ғазнауилер арасындағы Шекара болып қалды. Солтүстік Шығыс бетте Қарахандар шекарасы Балқаш көлімен Алакөл шетінен аспайтын. Шығыста олар Ұйғырлармен шектелетін. Қарахандар мемлекеті шекараары тұрақты, толып жатқан егіншіліктерге бөлінетін. XI ғасырдың 30жж. Мемлекет екіге бөлінеді: Батыс орталығы Бұқар; Шығыс Тараз, Испиджаб, оның астанасы Баласұғын қаласы болды. Құдіретті Сұлтан Санжардың басқаруы кезінде Селжуктар Мәуеренахрда шексіз билік жүргізеді, бірақ бұл кезде Қарахан әулетінің саяси құлдырауының белгісі біліне бастаған еді.

XII ғасырдың екінші ширегінің бас кезінде құмырсқадай қаптаған қара Қытай халқы Жетісу мен Баласұғынды, сосын Шығыс Қарахандарының қалған иеліктерін түгел басып алады да, оның Батыс тармағына қауіп төндіреді. 1141ж. Қарахан Салжұқтың әскерін талқандауынан кейін Қарахандар мемлекеті екі хандығының билігі де қарақытайлар қолына көшеді. Қарахан әулеті мемлекетіндегі аса маңызды әлеуметтік саяси институт әскери мұралық жүйе болды. Халықтың ең басты тірлігі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды. Сонымен бірге XI – XII ғғ. Жетісумен Оңтүстік Қазақстанда Түрік тайпаларының тұтас бір бөлігі егіншілік пен айналысады.

Қарақытайлардың құрылуы Орталық Азияның Қидан тайпаларымен тығыз байланысты. Қидандар б.з.4ғ. жазба деректерде Моңғол тілді тайпа ретінде аталады. Олар Қытайдың Солтүстік жағында Манчжуриямен Уссури өлкесінің

территориясын мекендеген. 924ж. Алтайдан бастап, Тынық мұхитқа дейінгі аса кең жер Қидан мемлекетнің Ляо қаласына өтеді.

1125ж. Сунь Қытай мен Чжурчжинь мемлекетінің біріккен күші Ляо империясын құлатады. Қидандардың бір бөлігі Чжурчжиньдерге бағынады да, қалған бөлігі Енисей қырғыздарының жерін басып өтіп, есіл өзенінің бойына жетеді. Қарақытай мемлекетінің басшысын Гурхан деп атайды. Гурхан жақындарына енші етіп, жер суды ешкімге бермеген. 1208ж. қарақытайларға Моңғолиядан Шыңғысхан тықсырып қуып шыққан Күшлік бастаған наймандар қашып келеді.

Бұл кезеңде Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісуда буддизм едәуір дәрежеде кең тарады. Ең әуелі бұл өлкенің көп жерінде буддалық құрылыстар табылуынан көрінеді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Не себепті түрік басшылары біраз уақыттан кейін «қарахан» атын қолданды? Лингвистикалық көзқарастан аналогия жасаңыз
2. Не себепті қыпшақтарды қазақ этносының ата-бабасы деп санайды? Нақты дәлелдер келтіріңіз.
3. Негізі бір мемлекетте бірнеше астаналары боуы қалыпты жағдай болған? Себебі неде?
4. Не себепті көрші мемлекеттер бейбітшілікте өмір сүрмеді? Әрдайымғы талан-тартыстың себебі неде еді?
5. Қыпшақ кезеңіндегі «Кодекс куманикус» сізге не туралы айтады? Оның енгізілуі қаншалықты маңызды болд

Тақырып №7: Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Қазақстан

Жоспар:

- 1) **Моңғол мемлекеті.**
- 2) **Моңғол шапқыншылығы.**

XIIIғ. бас кезінде Моңғол империясының құрылуы Орталық және Орта Азия, Қазақстан мен Шығыс Еуропа халықтары мен мемлекеттерінің тарихи

тағдырына орасан зор ықпал жасады. Моңғол жаулаушылығы Еуразия аймағын мекен еткен халықтар мен тайпалардың қалыптасқан қарым қатынасымен өзара бйланысын бұзды және олардың этникалық саяси, шаруашылық мәдени дамуының, жүрісін өзгертіп жіберді.

XIIғ. Орта шенінде Моңғол тайпалары Моңғол Алтайымен Ертістің жоғарғы жағынан наймандармен қыпшақтарды ығыстырып, түрік тілді топтарға сіңісіп, түріктерден материалдық мәдениеттің көптеген элементтерін, шаруашылық пен тұрмыстың түрлерін, көшпеліліктің әдет ғұрпын ала отырып, Орхон мен Керулен бойларынан Батысқа өарай жылжыды. 1218-1219 жж. Моңғолдар көрші елдердің көптеген халықтарын бағындырады. Енисей қырғыздармыен Буряттардың жерлері тартып алынады, Таңғұттар мемлекеті құлатылады. Цинь империясының әскерін талқандағаннан кейін, моңғолдар солтүстік Қытайды басып алады. Шыңғысханның келесі міндеті Батыс елдері орта Азия мен Иранды, Таяу Шығыспен Кавказдың әр жағын, Шығыс Еуропаны жаулап ала бастады. Ертістен Арал теңізімен Амудариядан ары, батыс жақтағы әлі алынбаған жерлерді Шыңғыс хан өзінің үлкен ұлы Жошы мен оның ұрпақтарына ұлыс етіп береді. Моңғолдар Жетісуды ешбір қарсылықсыз басып алады. Тіпті 1211 жж. Қарлұқ облысының иесі Арыстан хан Шыңғыс ханның қол астына өтеді. 1218 ж. Баласұғын қаласы Жебеге соғыссыз беріледі. Наймандар басшысы Күшліктің сеізжылдық билігінен кейін, оның Хорезмшах Мұхамедпен Қарлұқ билеушілерімен жүргізген соғыстардан кейін, Жетісу халқы ақырында қатты жүдеп, қайыршының күйіне түскен еді.

Күшліктің мұсылмандарды кудалауы оның ішінде көпшіліктің бас қойып, намаз оқуына тыйым салғаны жұрттың ашуые келтіреді. Жетісу халқын өз жағына тарту үшін Шыңғыс хан өлкеде тонаушылық пен қырғынға тыйым салады. Ал, Күшлік бұлардан Орта Азияға қашады, бірақ кейінірек моңғолдар оны Бадахшамда қуып жетіп көзін құртады.

Шығыс Түркістанмен Жетісуды басып алуы Моңғолдарға Оңтүстік Қазақстан арқылы Орталық Азияға жол ашты. Мәуеренахрдағы хал

жағдайды анықтау үшін Шыңғысхан әуелі Хорезмшах Мұхамедке өзінің солтүстік Қытайдағы жеңістері және «Түріктер елін» бағындырғаны жөнінде және онымен бітім шартын жасауды ұсынып, хат жібереді. Бұл болашақ әскери жорықтың елшілік жолымен жасалған әзірлігі еді. Шыңғыс хан жіберген сауда керуенінің 1218ж. Отырарда құртылып жіберілуі олардың Хорезмшах иелігіндегі жерге басып кіруіне түрткі болды. Көпестер Хорезмшахтың Отырардағы басшысы олар түгелдей тыншылар деп күдіктенген Қайырхан Иналшықтың бұйрығы бойынша өлтіріледі. Шыңғыс хан әскерінің жорығы 1219 ж. қыркүйекте басталады. Моңғол әскері Ертіс жағасынан шығып, Жетісу арқылы жүреді. Олардың саны 150 мың адам еді, оның 111 мыңы моңғол еді, әскердің қалған бөлігі Шыңғыс ханның вассалдары қарлұқтар мен ұйғырлар еді. Моңғол әскерінің 1219ж. Мәуеренахрға жүретін жолы Қазақстанның халқы тығыз тұратын және шауашылық жағынан жақсы игерілген аудандары Жетісу үстімен Орта және төменгі Сырдарияның қалалы аудандарына қарай өтетін. Моңғол әскері батысқа қарай жделдетіп келе жатып, жолда тұңғыш рет Оңтүстік Қазақстан жеріне тап болады және жергілікті халық оларға тойтарыс береді, ал басқыншылар болса жұртты жаппай қыру және зорлық зомбылық қолданып, тұтас облыстарды, қалаларды қиратады. Араб және Парсы деректерінде Моңғолдар бүкіл халқын жусатып кеткен, әр түрлі елдердегі отызға жуық қалалардың аты жазылады. Олардың ішінде Отырар, Сығанақ, Ашнас қалалары бар. Отырар билеушісі Қайырхан сексен мың әскеімен қаланы бес ай бойы қорғайды. Қараджа хаджибтің опасыздығынан халық қақпасы ашылып, бір ай қала ішінде шайқас болып, Отырар жер мен жексен етіледі.

1221ж. Моңғолдар Орта Азияны жаулап алуды аяқтайды. Қазақстан жері үш Моңғол ұлысының құрамына енді. Жошы ұлысына, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстан, Шағатай ұлысына Солтүстік, Шығыс бөлігі Үгедей ұлысына енді. Жошының еншілігі Ертістің батысынан Жетісудың теріскейін қамтып, Дешті Қыпшақтың бүкіл шығысын, төменгі еділ бойына дейін алып жатты. Шағатай ұлысы жоғарыда айтылған жерлер үстіне Шығыс

Түркістанмен Мәуеренахрды қосып алды, Угедей батыс Монғолиямен жоғарғы Ертіс, Тарбағатай аудандарын биледі.

Шыңғыс әулеті өз ұлыстарын тәуелсіз иеліктерге айналдыруға тырысты, 1227ж. Шыңғысхан дүние салғаннан кейін, империя бірнеше тәуелсіз мемлекетке бөлініп кетеді. Сол жылы қайтыс болған Жошының орнын оның ұлы Батый басады. Ол Дешті Қыпшақпен Еділ бұлғарларының жеріне, одан әрі Батыс елдеріне жаулау жорығын жасайды. Батыйдың қоластына Еділдің батысынан Дунайдың төменгі жағына дейінгі жерлер қарайды. Батый Еділдің бойына қайта оралып, сол жерде Алтын Орда мемл. құрады. Оған Жошы ұлысының территориясы Шығыс Дешті Қыпшақ, яғни Қазақстанның Обь пен Амударияның төменгі бойларына дейінгі жері, Хорезм мен Батыс Сібірдің бір бөлігі ж/е жаңадан жаулап алған жерлер кіреді.

Алтын Орданың мемл. құрылымы тұтас алғанда Шыңғысхан енгізген үлгімен жүрді. Мемл. Жошы ұрпағынан шыққан хандардың меншігі саналды. Маңызды мәселелерді шешу үшін құрылтай шақырылатын б/ды. Әскерді басқа мемлекеттермен еншілік қарым қатынасты Беклербек басқарды. Басқақтар салық жинады. Әуелгі кезде Алтын Орда Манғолдың ұлы ханына қарайтын. Бірақ, 1260жж. Алтын Орданы Берке басқарған кезде (1256-66жж.) дербес мемл. айналды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Не себепті Шыңғысхан діни сабырлы адам болды? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Хорезмдердің Орта Азияға монғол шапқыншылығына иөтеп беруе шынайы мүмкіндігі болды ма? Тарихи құжаттарға сүйене отырып сараптама жасаңыз.
3. Монғолдардың Орта Азияға Қазақстанға кіруі-аумақ мәдениетінің бәсенденуі немесе тарихи заңды процесс? Толық жауап беріңіз.
4. Сіздің ойыңызша монғол әскерінің соғыс кезіндегі сәттілігі неде?

Тақырып №8: Қазақ хандығының құрылуы.

Жоспар:

1) Қазақ хандығы құрылуы

2) Қазақ хандығының аумағы

XV ғ. 60жж. Құрылған қазақ хандығы осы кезге дейін құрылып, қалыптасып болған қазақ халқының табиғи жалғасы болды. Осы кезде қазақ қоғамында Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар шықты. Сонымен 1465-1466 (1470-71)жж. Қазақ хандығы құрылды. Ал оның ту көтерген жері Жетісудың батыс бөлігі, үйсін, дулат, қаңлы тайпаларының дәстүрлі атамекені.

Қазақ тарихында белгілі бір ру тайпаның қоғамның басқа бөлігінен түрлі себептерге байланысты бөліне көшуі түрлі кезеңдерде б/ып тұрған. Ал бұл жолғы Жәнібек пен Керей сұлтандар бастаған біраз ұлттың Өзбек ұлысынан жарыла көшуі бұрынғы тартыстар сияқты емес, анағұрлым кең саяси ауқымды б/ды. Деректер Өзбек ұлысынан біраз жұрттың жаңа пайда болған хандыққа көшуі бір емес, бірнеше мәрте қайталанғандығын білдіреді. Демек, екі сұлтанның Әбілхайыр хандығынан бөліне көшуіне себепші болған негізгі жағдай халықтың арасында мақсатты түрде жаңа мемл. құруға деген ұмтылыстың болуында. Жәнібек пен Керей сұлтандардың Жетісуға келіп орын тебуін сол тарихи кезеңдегі халық санасындағы билік туралы ұғымтүсініктерден де бөліп қарауға болмайды. Жаңа мемлекеттік жүйе құру аса күрделі екедігі түсінскті. Жәнібек пен Керейдің «Алаш мыңын» бастап Жетісуға бет алуы, бұл әрине, тарихи үдерістің сыртқы көрінісі ғана болатын.

Тарихшы Қадырғали бидің шежіресі бойынша, «Алаш мыңы» одағының қалыптасқан мезгілі 8 ғ.с – 14 ғ.б. кезі.

Әбілхайыр қазасынан кейін (1468 ж.) Өзбек ұлысының ішінде берекесіздік етек алды. Билік үшін тынымсыз талас, өзара алауыздық Есенбұға өлгеннен кейін де (1462) тоқталан жоқ. Мұның өзі сол кезде Моғолстан және басқа ортаазияның мемлекеттерге тән құбылыстын. Яғни, 15ғ. 2жл. Жәнібек пен Керей ұлысына сырттан қауіп төндіре алатындай басқа ықпалды мемлекеттер

жоқ болатын. Мұндай жағдай өмірге жаңадан келген мемлекеттің буынының бекуіне қолайлы жағдай туғызды.

Халықтың қалыптасуы өте күрделі, сан қырлы мәселе. Халықтың халық болып қалыптасуының бірнеше шарты бар:

- 1 Халықтың қалыптасуы өзіне тән мәдениеттің қалыптасуы.
- 2 Халық мекендеген аумағының қалыптасуы
- 3 Елдік, халықтың сананың орнығуы
- 4 Халықтың тілінің қалыптасуы
- 5 Халықтың ортақ атауының қалыптасуы
- 6 Халықтың өзіне тән антропологиялық бет пішінінің қалыптасуы

Осы аталған халықтық белгілер, әсіресе этностық, нәсілдік генетикалық, мәдени, тілдік қасиеттер ұзақ тарихи дамудың нәтижесі.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қазақ хандығының тарихи құрылымы қандай? «Мыңжылдық» кітабына сараптама жасаңыз.
2. Не себепті қазақ хандығы Ақ Ордаға шекарасына ие болды? Толық сараптама жасаңыз.
3. Рашид-ад-Дин этностың бол-замандасы сияқты қазақ халқы туралы не жазды? Құжатқа сараптама жасаңыз.
4. Құжаттарға сүйеніп Дешті-Қыпшақтағы саяси жағдайға мінездеме беріңіз.

Тақырып №9: XVI – XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы

Жоспар:

1. XVI – XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы
2. XVI – XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының аумағы

XVI ғ.б. Қазақ хандығының өрлеуін тарихшылар Қасым хан есімімен байланыстырады. Қасым хан Дешті Қыпшақты түгелдей өз билігіне алғалы соншалық, Жошы ханнан соң ешкім де ол сияқты жоғары билікке қол жеткізе алған жоқ", - деп көрсетеді Мұхамед Хайдар Дулати. Ол өзінің "Қасым ханның қасқа жолы" деп аталатын заңдар жинағын шығарды. Көрші елдер

Қасым ханмен тату болуға ұмтылды. Жоңғарлар Қасым ханның тұсында қазақ жеріне жорыққа аттануға қорықты. Бұл кезде хандықтың шекарасы оңтүстікте Сырдарияның оң жағасына жетіп, Түркістан аймағындағы қалалардың біразын қамтыды, оңтүстік-шығыста Жетісудың тау етектері мен жазықтары, мсолтүстік пен солтүстік-шығыста Ұлытау және Балқаш көлі арқылы өтіп, Қарқаралы тауларының сілемдеріне жетіп, солтүстік-батыста Жайық өзенінің аңғарына дейін созылды. Мемлекет халқы 1 млн-нан асып, атты әскері 300 мыңға жетті.

Қасым хан тұсында Қазақ хандығы дербес мемлекет ретінде халықаралық қатынасқа араласа бастайды. Онымен-Мәскеу мемлекеті алғашқы болып дипломатиялық қатынас жасаған. XVI ғ. II ж. Қазақ мемлекеттігі қайтадан нығайу жолына түсе бастады. Хақназар хан тағына отырды. Ішкі және сыртқы саясатта әкесі Қасым ханның жолын жалғастыра отырып, Хақназар хан қазақ руларының ескі қонысын сақтау, көрші елдер арасындағы Қазақ хандығының ықпалын арттыра түсуге күш салды.

XVI ғ. 50-жж. Ноғай ордасы үшін өте ауыр кезең болды. Ішкі алауыздықтан әлсіреген ноғай елінің Жайық пен Елек өзендерінің бойындағы біраз ұлыстары Қазақ хандығының құрамына енеді. Хақназар ханның ықпалы Сібір билеушісі Көшім ханға да жайсыз тиген еді.

1552 ж. Қазан, 1556 ж. Астрахан хандықтарының жерін өзіне қаратқан Ресей-енді Қазақ хандығына көзін сала бастады. Өйткені қазақ хандығы арқылы ол Орталық Азия және Сібірмен қатынас жасай алатын еді. Сондықтан Ресей үкіметі Қазақ хандығына елшіліктер жібере бастады.

XVI ғ. II ж.-да шайбанилықтар мен қазақ хандары арасындағы қатынастағы ең өзекті мәселе – Сырдың орта ағысындағы қалаларға билік ету еді. Хақназар ханның билігінің соңына қарай Қазақ хандығы батыста – Жайық, солтүстікте-Есіл мен Нұра, шығыста – Шыңғыстау, Балқаш және Шу өзені, оңтүстікте Түркістан аралығын қамтыды.

Тәуекел хан тұсында Ресеймен елшілік қарым-қатынастар өте жоғары деңгейге жетті. Тәуекел хан 1598 ж. қауырт түрде шайбанилықтарғы жорыққа

даярлық жасай бастады.100 мыңдық әскермен Тәуекел хан мен Есім сұлтанның жүргізген жорығы нәтижелі аяқталды.Қысқа мерзім ішінде Тәуекел Түркістанды, Ташкентті, Ферғананы өзіне қаратады.Дегенмен Тәуекел ханның бүкіл мәуеренахрды алып, құрамында шайбанилықтар да бар жаңа мемлекет құру идеясы іске аспай қалды.

Қасым ханнан соң қазақ мемлекеттігін сақтау үлгісін көрсеткен жолды Есім хан 1598-1628 жж жалғады.Есім хан билігі тұсында шығыста жоңғар қалмақтарының ықпалы артып, қазақ жеріне қауірп төндіре бастайды.Бұл жағдайды ескере отырып, Есім хан қырғыз елімен арадағы одақты нығайта түсіп, Моғолстан билеушісі Абд-ар-Рахим ханмен достық қатынаста болады.Соның нәтижесінде, Есім хан 1630 жылы ойраттарға ойсырата соққы береді.Жорықта жүрген Есім ханның жоқтығын пайдаланып, Тұрсын хан Түркістанға шабуыл жасап, Есім ханның отбасын тұтқынға алады.1628 жылы Ташкенттің түбінде болған қанды шайқаста Тұрсын хан жеңіліп, Тұрсынның өзі осы ұрыста қаза тауып, оған қараған елдің біразы қазақ, қалғаны қырғыз одағының нығаюына, сондай-ақ ел арасы бірлігі ісінде көп жұмыс тындырған қырғыз Көкім би Қарашораұлының құрметіне Есім хан Ташкентте "Көкімнің көк күмбезін" салдырады.

Есім хан 1628 жылдың күзінде өмірден қайтып, Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи күмбезі жанына жерленеді.

Есім ханның көзі тірісінде-ақ жоңғар қалмақтарымен күресте оның ұлы Жәңгір сұлтан көзге түсе бастайды, ал оның хандық қызметі (1628-1652 жж) қалмақтардың басқыншылық саясатына қарсы тынымсыз арпалысты күрес жағдайында өтті.

Қалмақтармен болған жекпе-жекте Жәңгірді жеңетін қалмақта батыр болған емес.Сол үшін де оны халық "Салқам Жәңгір" атандырады.

Жәңгір ханның үлкен саясаткерлігінің, қолбасшы батырлығының арқасында Қазақ мемлекеті сақталып қалды.Жоңғар хандығының қуатын бағалай білген Жәңгір хан Бұхара, Хиуа және Моңғол хандықтарымен белсенді дипломатиялық қатынасқа көшті.Оның әсіресе 1612 жылдан бастап

Самарқанның әмірі Жалаңтөс батырмен достық қатынасы қалмақтармен күрсете өз нәтижесін берді.

1643 ж жаңа жоңғар-қазақ соғысы басталып кетті. 50 мың әскермен басып кірген Батур қоңтайшы қырғыз Алатауының біраз жерін, Шу өзенінің жоғарғы оң сағасын, сондағы елдерді жаулап алады.

Қалмақтармен жер үшін күрес Жәңгір ханның ұлы Тәуке хан (1680-1715 жж) тұсында да жалғасады. Бұл қазақ-жоңғар қатынасының ширыққан кезі болатын. Қалданның әскері 1681-83 ж Сайрамға дейін жетеді. Жетісу өңірі біраз уақытқа қалмақтардың қолына өтеді. 1710-1711 жж. Қалмақтар қазақ жеріне жаңа шабуылға көшті. Оған жоңғарлардың Қытаймен арадағы қатынасының шиеленісіп кетуі себепші болған еді.

XVII ғ.с мен XVIII ғ. бас кезі жоңғар қалмақтарынан төнген қауіпке карамастан, Қазақ мемлекеттігінің нығая түсуімен сипатталады. Тәуке хан өзінің қайраткерлік қабілеті арқасында ел ішіндегі алауыздыққа жол бермей, татулық орнатты. Тәукенің тұсы "қой үстіне бозтоғай жұмыртқалаған" заман орнады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қасым ханның ішкі саяси қызметіне мінездеме беріңіз.
2. Не себепті орыс ханы Иван IV Грозный қазақ ханы Хақ-Назармен сыртқы саяси байланыс орнатпақ болды?
3. Жоңғарлардың қазақ хандығына жиі шабуыл жасаудың сыртқы саяси себебі неде? Сол кезеңдегі құжаттарға сүйеніп жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. Не себепті Қасым ханның заңы «Қасқа жол» деген атқа ие болды? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Тақырып №10: Қазақ жерлерінің Ресейге қосыла бастауы

Жоспар:

- 1) Қазақ жерлерінің Ресейге қосыла басталуы.
- 2) Ұлы апат жылдары немесе Ақтабан шұбырынды қазақ тарих сахнасындағы маңыздылығы.

XVIII ғ. басында қазақ-жоңғар қатынастары тереңдей түсті. Тәуке ханнан кейін билікке Болат хан (1718-1729 жж) келді. Елже бытыраңқылық басталды. Кіші жүз бен Орта жүздің біраз бөлігі Әбілқайыр сұлтанды хан көтерді. (1718-1748 жж) Ташкентте Ұлы жүздің өкілдері Жолбарыс сұлтанды хан сайлады. Орта жүздің қалған бөлігі Сәмекені хан деп мойындады. Орталық бөліктің әлсіреуі жоңғарларға қазақ жеріне кіруіне дол ашты. 1729 ж. Болат хан қайтыс болды. Әлі жоңғар қауіпі сейілмегендіктен, ұлы хандыққа талас басталды. 1730 ж. көктемде Састөбеде – үш жүз билеушілері құрылдай өткізді.

Онда біреулері – ұлы хандық билікті жаңғыртуды, екіншісі - "басқыннан" оралған қазақтың "енші мекенін" анықтауды көздеген екі мәселе қаралды. Әйтеке би бастаған топ ұлы хандыққа Әбілқайыр ханды ұсынады. Оған басқасы қарсы шығып, тартыс нәтижесіз аяқталады.

1730 ж. Ұлы жүз Саңырақ, Орта жүз Бөгенбай, Кіші жүз Тайлақ батырлар бастаған қазақ қолдары Бұланты өзенінің бойында ойрат әскерін талқан етіп жеңеді. Кейін бұл шайқас өткен жерді халық "Қалмаққырылған" атап кетті. Келесі ірі жеңіске қазақ қолдары 1730 жылы Балқаш көлінің батыс жағындағы "Аңырақай" деген жерде жетеді. Шамамен осы мезгілде Қойгелді батыр, Тоқсамбай, Мәлік және Кеген билер де өздерінің халық көтерілісін ұйымдастыруларымен көзге түседі. 1730 ж. Цин империясының басқыншылығына ұшыраған ойраттар енді қайтып қазақ жеріне басып кіру мүмкіндігінен айрылады. Өз жерінен ауа көшкен қазақ елі енді атамекеніне орала бастайды.

Абылай өзі хан болған 1771-1781 жж қазақ елі үшін қолынан келгенді, жақсылықты жасауға тырысты. Ол Батыс пен Шығыстан төнген қауіп жағдайында қазақ еліне тұтас мемлекеттік биліктің аса қажет екендігін өз уақытында тура түсініп қана қойған жоқ, осы мақсатты нақты әрекеттерге барды. 1771 ж. ол Ресей патшасына елші жіберіп, өзін үш жүздің ханы ретінде мойындауды талап етті, бірақ орыс патшасы өз грамотасында оны тек Орта жүздің ханы ретінде мойындады.

Қазақ құрылтайларының негізгі мәселелерінің бірі – жоңғарларға қарсы әскери одақ құру болды.Әбілқайыр хан Ресей мемлекетімен жаңа мазмұндағы қарым-қатынас жасауға кіріседі.Ол Ресей патшасымен әскери одақ құру жөнінде Петербургке Құтлымбет Қойштайұлы бастаған, құрамында 7 адам бар елшілік жібереді.Елшілікте құпия түрде қазақ елін Ресей империясының құрамына алу туралы өтініш те болды.

Ресей бұл елшілікті өте жақсы қарсы алып, оларға қосып Сыртқы істер коллегиясының тілмашы А.Тевкелевті қосып қайтарады.

А.Тевкелев елшілігі қазақ елінің Ресей империясының құрамына енуін батстап берді.Грамота бойынша оған қолын қойған қазақ билеушілері мынадай міндеттемелер алды:Ресей империясының шығыс шекарасын қазақ елі мен көрші халықтардың шабуылынан қорғау; қазақ даласы арқылы Орталық Азия хандықтарына өтетін ресейлік көпестердің сауда керуендерін қорғау; тері және бағалы елтірі түрінде алым-салық төлеу; қажет болған жағдайда патша әскеріне қосымша әскер күшін беру.

Ресей қамқорлығына өту жоңғар шабуылын тоқтата алған жоқ.1742 ж. жоңғар қолдары Орта жүздің жеріне басып кіріп, ел билеушілерінің біразы аманат беріп, тәуелділігін мойындады.Әбілқайырды бас хандыққа бекітпек түгілі, ол орыс әкімшілігіне аманатқа, алдымен Ералы, содан соң Қожахмет атты ұлдарын беріп, тәуелділігін тереңдете түсті.

1755 ж. көктемде Цин империясының әскері ойраттардың ішіндегі алауыздықты пайдаланып, Жоңғар хандығына басып кіреді.Жоңғар ханы Дабашы тұтқынға алынып, Пекинге жөнелтіледі.Дабашыны құлатуға қытай әскерін бастап келген Әмірсана енді ойраттарды циндерге қарсы көтеріліске шақырады, бірақ қолдау таба алмай, Абылай сұлтанға келіп паналайды.Енді Абылай мен Цин арасында қақтығыстар басталып, бірақ қыс түсуіне байланысты қытай әскері кері қайтады.

1757 ж. Жоңғарияның Цин әскеріне қарсы көтерілісі біржола жеңіліс табады.Жоңғар хандығы өмір сүруін тоқтатып, 600 мың халқының 30-40 мыңы ғана көрші елдерге бас сауғалап тірі қалды.

Ресейдің отарлау шаралары және Әбілқайырдың қолдарын аманатқа алуы, сондай-ақ ханның өз қарсыластарын шектеуге бағытталған өтініштерінің аяқ асты болуы оның халық пен қарсыластары алдында беделінің түсуіне алып келді.

1748 ж. тамызда қарақалпақ арасындағы қазақтарға араша түсіп, оларды көшіріп, алып қайтуға барған хан қайтар жолында Барақ сұлтанның жасағына кезігіп, екі арада болған қақтығыста қаза табады. Бұл бүкіл қазақ даласына лезде тарап, жайсыздық туғызған оқиға болады.

А. Тевкелев елшілігінің нәтижелеріне қанағаттанған патша үкіметі жедел түрде Қазақстанды игеру шараларына кірісп кетті.

1761 ж. мұнда сенат хатшысы И.К.Кириллов бастаған экспедиция жіберілді. Экспедицияға Қазақстанның жер қойнауы байлықтарын, әсіресе алтын мен күміс кен орнын анықтау, Орталық Азия хандықтарына жол ашу, осы мақсатта қазақ даласын пайдалану мүмкіндіктерін қарастырып жүктеледі. Қазақ елі мен Ресей империясының шекарасы ретінде Жайық өзенінің бой белгіленді.

1735 ж. Ор өзенінің бойына Орынбор бекініс түсті. Ресей үнемі қазақтар мен башқұрттардың бірігіп кетуінен қауіптенді. Сондықтан отаршыл әкімшілік Башқұрстан мен Қазақстан арасына әскери бекіністер жүйесін салып, екі халықтың өзара қатынасына шектеу қоюға тырысты. Патшалық әкімшілік үшін қазақтардың ортаазиялық хандықтармен байланысына шек қою қиынырақ еді, дегенмен бұл бағытта да түрлі шаралар қарастырылады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Не себепті «Елім-ай» әні XVIII ғасырдың бірінші жартысында туындады? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Не себепті қазақтардың Бұланты және Аңырақай шайқасындағы жетістіктер жоңғарларды жеңуде өз әсерін тигізбеді? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
3. Абылай хан билігі кезеңінде қос азаматтылық саясаты несімен көрсетілді? Сол уақыт құжаттарына сүйеніп толық жауап беріңіз.

4. Ресейге қосылу процесінің қорытындысынан кейін Абілқайыр саяси іс-әрекетін тәуелсіз сарапшы ретінде сыңнан өткізіңіз.

Тақырып №11: XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдың ортасындағы қазақ қоғамның саяси және әлеуметтік -экономикалық жағдайы

Жоспар:

1) Ресей империясының 18 ғасырдағы Қазақстан территориясындағы саясаты.

2) Ресей патшасының реформалары және олардың әсері

XVIII ғ.с. қарай Қазақстанның үлкен бөлігі әлі де болса саяси тәуелсіздігін сақтады. Ресей империясымен арадағы шекара XVIII ғ. орта тұсындағыдай Жайық, Ой, Ертіс арқылы өтті. Оңтүстігінде қазақ жері Хиуамен және Түркістанмен шектесті. Оңтүстік-шығыста қазақ иеліктері Іле Алатауына жетті. Қытай билігіне Ұлы жүз қазақтарының шығыс аудандары ғана қарады.

XVIII ғ. соңынан бастап қазақ елінің бұл жағдайы күрт өзгеріске ұшырай бастады. Орталық Азия хандықтары, Ресей және Қытай қазақ елінің өзі-өзі қорғай алатын мемлекеттік қуаты жоқтығын және ішкі алауыздығын пайдаланып, қазақ жерін бөліске салу ниетімен нақты әрекеттерге көше бастады.

Қазақ жеріне шабуыл барлық тұстан төніп тұрды. Қазақстанға бойлай ену мақсатында патша үкіметі әскери бекіністер тізбегін салуды одан әрі жалғастырды. Олар қазақ жеріне 750 мың гектарлық үлкен аумақтық жерге бөліп тастады.

XVIII Ұлы жүздің жері бірнеше иеліктерге бөлінді.

XIX ғ. 20 жж. патша үкіметі қазақ елінде хандық билікті жоюға кірісті. Оны алдымен Орта жүзден бастады. Бөкей және Уәли хандар қайтыс болғаннан кейін, ол жерге қайтадан хан сайламады. 1822 ж. "Сібір қазақтары жөніндегі Жарғы" өмірге келді. Оны М.М. Сперанский басқарды. Бұл заңдық құжат бойынша Орта жүзде хандық билік жойылды. Оның орнын аға сұлтандар

институты басты. Орта жүздің жері жеке әкімшіліктерге бөлініп, "сыртқы округтер" деп аталып,, Омбы облысына қарайтын болды. Сөйтіп, 1822-1838 жж Қарқаралы, Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Құсмұрын, Көкпекті, Көкшетау округтері пайда болды. Оларды басқару округтік приказдарға жүктелді. Приказдың басында аға сұлтандар тұрды. Олар үш жылға сайланды. Приказдың басқарушы аппараты 4 адамнан: 2 орыс шенеунік заседателі және беделді би, старшындар сайлайтын 2 қазақ заседателінен тұрды. Округтер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Болыстық бөлу рулық негізде жүрді. Болыстықтың жері белгіленіп, басқаның жеріне өтуге тыйым салынды. Болыстықты болыс сұлтандары басқарды. Ауылдарды қазақ арасынан сайланатын старшындар басқарды.

"Сібір қазақтары жөніндегі Жарғы" жергілікті әкімшіліктің сайлау арқылы анықталатындығын сырттай болса да сақталатындығын көрсетуге тырысты. Ал шын мәнінде билік орындары жергілікті әкімшілік қызметтерге өзіне тиімді адамдарды ғана жіберіп, жағдайды тек орыс шенеуніктері арқылы ғана реттеп отырды. 1824ж. Кіші жүзде Орынбор генерал-губернаторы П.Эссен даярлатқан "Орынбор қазақтары жөніндегі Жарғы" қабылданды. Бұл құжат бойынша да хандық билік жойылды. Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазы Орынборға шақырылып, 150 сомдық айлықпен сондағы шекаралық комиссияға қызметке қалдырылды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Мемлекеттің тарихи дәстүрдің және шаруалардың көзқарасынан не себепті қазақ қоғамы 2 сословиеге бөлінді? Осы жағдайға толық сараптама жасаңыз.
2. Не себепті қазақ хандығы жүздерге бөлінді? Тәуелсіз сарапшы ретінде жауап беруге тырысыңыз.
3. Қалайша Ресей капитализмі XVIII-XIX ғғ. шетте қазақ қоғамын құрды? Жауабыңызды XIX ғ бірінші жартсындағы қырғыз «жарғыларын» негізге алып жауап беріңіз.

4. Игельстром реформасының мәні неде еді? Не себепті Екатерина II оны енгізуден бас тартты? Толық жауап беріңіз.

Тақырып №12: Отарлау саясатына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы

Жоспар:

- 1) **С.Датұлы бастаған көтеріліс**
- 2) **Исатай мен Махамбеттердің бастамасымен болған көтеріліс**
- 3) **Кенесары Қасымұлының бастамасымен болған көтеріліс**

Е.И. Пугачев көтерілісі 1773-75 жж басып-жаңшылғаннан кейін 1783ж. Кіші жүзде шаруалар көтерілісі тағы басталды. Оны ру басшысы С.Датұлы басқарды. Көтеріліс сипаты – феодалдық пен отаршылдыққа қарсылық. 1773-75 жж соғыстардан кейін қазақтарға қысқы уақыттарды Жайық, Еділ, Каспий жағалауына пайдалануға рұқсат етілді. Бірақ бұны патша үкіметі шарасыздықтан істеді. Сондықтан уақыт өте келе, ол бұл жерлердегі жағдайды қайтадан бұрынғыдай қалуға әрекет етті. Нұралы хан патша үкіметі жағын өтті, сол себепті халықты өзіне қарсы қойды.

С. Датұлы қазақтарға қару-жарақпен, атты әскермен, азық-түлікпен көмектесу, ал жеңіліске ұшыраған жағдайда – Хиуа хандығының аймағынан көшіп-қонатын жер берулері туралы Хиуамен келіссөздер жүргізді.

1790 ж. 2000 серіктесімен Сырым Ойылға жақындады. Қаза жасақтары әсіресе 1796 ж. белсенді қимылдар жасады. 1797ж. көктемінде патша үкіметі көтерілісшілерге қарсы жазалау отрядтарын жіберді. Наурызда Есім хан өлтірілді. Күрес шиеленісті. Игельстромның айтқанын тыңдамай, қазақтар шу шақырмай-ақ, Қаратай сұлтанды хан етті. Бірақ бұл көтеріліс жеңіліске ұшырады. Сырым Хиуаға өтіп, 1802ж. өлді. Негізгі қозғаушы күші – шаруалар.

Жеңілу себептері: рулық меншіктің патшамен тығыз б/с орнатуға кедергі келтіруі; Сырымның екі түрлі позициясы; старшындардың сатқындығы;

Қазақ халқының ұлт-азаттық күресінде Исатай мен Махамбеттің басшылығымен болған көтеріліс маңызды орын алады. 1801ж Еділ, Жайық аралығында Бөкей ордасы құрылды. 30 жж. аяғында оны 20 мыңдай шаруашылық пен 801 мың адам жайлады. Бірақ жер мен жайылымдар біркелкі бөлінбеді. Қысқа мерзім ішінде 2/3 бөлігі қазақ феодалдары мен орыс помещиктерінің жеке иеліктеріне өтті. Жәңгір хан өзіне 400 мың десятина жерді бекітіп алды. Бұған оның туысы Қарауылқожа көп араласып қол жеткізді. Жерді қазақ шаруалары орыс помещиктерінен жалға алатын болды және оған көп мөлшерде алым-салық төлеп тұруға міндеттенді.

Жайық өзені бойндағы жерлерді Орал казактары иемденді. Қазақтарға бұл жерлерге көшіп келулеріне тыйым салынды. Осының бәрі жиылып келіп – қазақ халқының азаттық күреске шығуына негіз болды. 1836 ж. көтеріліс басталып кетті. Исатай мен Махамбет Жәңгір ханға қарсы ашық күресе бастады. Күрес антифеодалдық сипат алды. Ойткені ел Қарауылқожа мен Жәңгір ханның қылықтарына қарсы болды. Жәңгір хан көтерілістің кенге жайылып бара жатқанынан сескеніп, оларға қарсы әскер шығарды. Бұл шайқастардың көбі көтерілісшілердің жеңісімен аяқталды. Бірнеше рулар көтерілісшілерге келіп қосыла бастады.

Соғыс қимылдары 1838ж. көктем-жазға дейін созылып, 12-шілдеде Исатай қаза тапты. Бұл көтерілістің де тарихи маңызы ерекше болды.

XIX ғ. алғашқы ширегінде патша үкіметі Қазақстанға әкімшілік – саяси жаңалықтар енгізуге кірісті. Оның Ресей империясы құрамына әлі де кіре қоймаған өлке аудандарын өзіне қосып алмақ мақсаты болды.

Қасым төренің ұлы Саржан сұлтан кіші әскерлерді біріктіріп, қазақ жерін отарлау саясатына қарсы көтерілді. Оны 1836 ж. қоқанд билеушілері өлтірді, әкесі де, басқа туыстары да өлтіріліп, Саржанның бастаған көтерілісін Кенесары жалғады. (1837-47жж)

Кенесары Қасымұлы Абылай ханның ісін жалғастырушы болды. Кенесарының басты мақсаты – Қазақстанның Абылай хан тұсындағы территориялық шептерінің тұтастығын қалпына келтіруге; Ресей құрамына

кірмеген жерлердің толық дербестігін сақтау болды. Оның негізгі талаптары император І Николайға, Орынбор губернаторлары В.А.Перовскийге, В.А. Обручевке, Сібір губернаторына жолдаған көптеген хаттарында нақты айқындалған.

Кенесары өзінің туы астына үш жүздегі қазақ руларының едәуір бөлігін топтастыра алды. Кей кездері оның сарбаздарының саны 20 мың адамға дейін жетті.

Қазақ сұлтандары да көтеріліске қосылды. Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы және Баянауыл округтерінде ғана көтерілісшілерді 80-нен астам сұлтандар, билер, старшындар қолдаған.

Көтерілістің қозғаушы күші қазақ шаруалары болды. Қазақ жерін әскери отарлауға, қоқан бектерінің озбырлығына қарсы жалпыхалықтық күрес бұл қозғалысқа азаттық жолындағы күрес сипатын берді.

Кенесары соғыс қимылдарын 1838 ж көктемінде Ақмола бекінісін қоршап, өртеуден бастады. Кенесары көтерілісті 1836-38жж Исатай мен Махамбеттің Көтерілістерімен жалғастыруды, сөйтіп, Кіші жүзді де қосуды мақсат етті.

Тіленшиев бастаған төртқара, шөмекей, тобын т.б. рулар көтерілісшілерге қосылып көтеріліс үш жүзді де қамтыды.

1841ж олар Кенесарыны хан сайлады. Кенесары хан құрған мемлекет феодалдық мемлекет болды. Ол өз билігін Ресейге өтпеген аймақтардың барлығына таратты. Салықтар жинау тәртіпке келтірілді: малшылар-зекет, егіншілер-ұшыр салығын төледі. Патшамен соғысу салықты арттыруды қажет етті, бұл әрине халыққа ауыр тиді.

Кенесары неше жыл бас сауғалай жүріп, жазалаушы әскермен күрес жүргізді. Ақаранда 1847ж сәуірде 10000 әскермен Қырғыз жеріне өтті, басып кірді. Сол қақтығыс барысында Тоқмақ маңында Кенесары қаза тапты.

Көтеріліс жеңіліске ұшырады.

Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихында XIX ғ. XVIII ғ ерекше орын алады.

Жеткілікті зерттелмеген проблемалардың қатарына қазақ шаруалары күресінің тактикасы мен әскери ұйымдасуы жатады. Көтерілісшілердің сан

жағынан артықшылығы, батылдығы кейде олардың жазалаушылармен белдесіп күресуі үшін жеткіліксіз болып көрінеді: бұл қимылдардың стихиялығы, бір жердің шеңберінен аспауы, нақты саяси бағдарламаның болмағандығы олардың жеңіліске ұшырайтынын алдын-ала айқындап, көптеген күрделі құбылыстарға киліктірді. Ислам идеяларын иеленуші ретінде билер өлкедегі азаттық күресінің барлық кезеңдеріне қатысты, алайда діни себептер көтерілісшілерге айтарлықтай ықпал ете алмады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Кіші жүздегі Сырым Датұлының көтерілісінің негізгі себептері не еді? 1756,1771 жж патша жарлықтарын сараптамадан өткізіңіз.
2. Сырым Датұлының саясатын мінездеп беріңіз. Оның қайшылығы неде еді?
3. Не себепті 1783-1797 жж көтеріліс соналықты ұзаққа созылды? Толық жауап беріңіз.
4. Әр көтерілісте жоғары даму сәті болады. Сондай сәттерді С. Датұлы көтерілісінен атаңыз. Сіз неге солай ойлайсыз?

Тақырып №13: XIX ғасырдың екінші жартысындағы әкімшілік реформалар.

Қазақстан – ресей империясының отарлы.

Жоспар:

1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әкімшілік реформалар.

Қазақстан – Ресей империясының отары

2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әкімшілік реформалар.

Қазақстан – Ресей

1867-1868жылдары патша үкіметі реформасының негізгі мақсаты-қазақ өлкесінде отаршылдық тәртіпті нығайтуға бағытталды. Капиталистік қатынастардың кеңінен дамуы үшін де Қазақстандағы бұрынғы басқару жүйесін өзгерту қажет болды.Ресейдегі капитализмнің қарыштап дамуы ұлт аймақтарының ,соның ішінде Қазақстанның рөлін өсірді .Қазақстан – шикізат пен арзан рынок көзіне айналды.1867-1868ж.ж. Қазақстан аумағы 3 генерал-губернаторлық пен 6 облысқа кірді. Қазақстандағы отарлаушы әкімшіліктің

жоғары өкілі генерал-губернатор болды. Олар өкілінің бүкіл әкімшілік-полициялық аппаратын басқарды, яғни өз қарамағындағы аумақтың тыныштығына жауап берді. Реформа бойынша Батыс Сібір, Орынбор, Түркістан өлкелерінің басшыларына неғұрлым басым құқықтар берілді:

- 1) Әскери қолбасшы, соның ішінде казак атаманы.
- 2) кең түрдегі әкімшілік функция (уезд бастығын тағайындау т.б.)
- 3) сот функциясы (уездік соттарды бекітті). «Уақытша Ереженің» отарлық сипаты патша үкіметінің жер саясатынан көрінді. Жер мемлекеттің меншігі деп танылды.

1886ж. Ереженің III тарауында жер мәселесі туралы «Мал жайылымдық мемлекет жері көшпенділерге пайдалануға беріледі» деп жазылса, 1891ж осы жерлердің бәрі мемлекет меншігі деп танылды. Сонымен, патша үкіметінің жер және салық саясаты отарлық сипатта болды, халықты әбден титықтатты. 1886ж 2 VI «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже» бойынша Түркістан өлкесіне Сырдария облысы Әмудария бөлімі мен 5: Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата, Ташкент уездерінен тұрды.

Жергілікті басқару (және) мынадай бөліктерден тұрды: облыстық, үздік, болыстық, ауылдық.

Мұндай бөлшектеу патша үкіметінің қазақ еңбекшілерін отарлық құлдықта ұстауын теңілдетті.

XIX ғ. Ортасына қарай қазақ жерлері үшін Қоқан, Хиуа және Ресей арасындағы талас күшейе түсті. Ресей үкіметімен болған 1840ж келіссөзде Хиуа ханы өз билігінің жері, Ырғыз және Торғай бойына дейін жететіндігін айтты. Сырдарияның төмегі жағасына орыс және қоқан қолдарын жібермеу мақсатында хан мұнда бекіністер салдырады. Бірақ Хиуа ханының бұл әрекеттеріне қарамастан, оларды Қоқан қолдары мен Ресей әскерлері ығыстыра бастайды.

1850жылдан бастап орыстар Жетісудағы Қоқан қамалдарын жоюға көшті. 1851ж. орыс қолдары Қаскелең өзені бойындағы Таушүбек қамалын жойып жіберді.

1854ж Алматы елді мекенінде Верный бекінісі салынды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қандай мақсаттармен қазақ жері үш генерал-губернияға бөлінді? Толық жауап беріңіз.
2. Патша үкіметі тұрғылықты халықар мен ауғындарды өзара қақтырысп, жанжал шығарып қандай мақсат көздеді? Осы жағдайға «Бөлісе білсен, билей біл» деген мақал ұтымды ма?
3. 1870 ж Маңғышлақ жеріндегі көтеріліс табысқа жетпеді? Негізгі себептерін атаңыз.
4. Не себепті отарлау әкімшілігі билер сотына тыйым салды. Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Тақырып №14: ХХғ.басындағы Қазақстан.

Жоспар:

- 1) Қазақстанда отарлық саясатының күшеюі
- 2) ХХ ғасыр басында қазақ өлекесіндегі жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы.

ХХ ғ.б.Қазақстанның мәдениеті империализм жағдайында өзіне жаңа сапа, басқа бағыт алған өткен мұраның жалғасы болды. ХІХ ғ. ақырғы ширегі мен ХХ ғ. басында кең өлкедегі әлеуметтік-экономикалық қатынастағы өзгешелік мәдениет дамуының ерекшелігіне өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

ХХ ғасырдың басындағы халық ағарту ісі қоғамдық және саяси жағдаймен тығыз байланысты болды. Патша үкіметінің 1906 жылы қабылданған оқу-ағарту ісіндегі ережелері негізінен ұлттық аймақтарда орыс-қазақ мектептерінің кеңеюіне жағдай жасаса, керісінше, діни мектепке және медреселерге көп кедергілер жасады. Ал үкіметтің жергілікті халықтың білім алуына арнайы шығыны аз болды.

Ағарту ісін дамытуда «Айқап» журналы, «Киргизская степная газета», «Қазақ» газеттері ерекше орын алды. Семей, Орал, Верный, Орынбор

калаларында жарық көрген әр түрлі саяси бағыттағы газеттер Қазақстанның шаруашылық және саяси өмірін суреттеуде үлкен рөл атқарған.

Қазақ зиялылары Ш.Құдайбердіұлының, М.Дулатұлының, С.Дөнентайұлының, А.Байтұрсынұлының, Ә.Бөкейханұлының шығармалары ХХ ғасырдың басында ерекше орынға ие болды. Ұлы ойшыл, кемеңгер ақын Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағы 1909 жылы ресми баспадан шықты. ХХ ғасырдың басында демократиялық бағытта дами бастаған С.Торайғыров, С.Дөнентайұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев т.б. мұрасы шығыс әдебиетінен ерекше орын алады. С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы», «Бір адамға», «Адасқан өмір» т.б. өлеңдерінде қазақ ауылының өміріндегі өзгерістер жақсы сипатталады. Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», С.Көбеевтің «Қалың малы», С.Торайғыровтың «Қамар сұлуы» - осы заманда да өмір шындығын, халық тағдырын сипаттауда маңызын жоғалтпаған тамаша туындылар.

Қазақ тілі мен әдебиетін дамытуда А. Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы ерекше орын алады. 1911 жылы Орынборда А. Байтұрсынұлының «Маса» атты өлеңдер және аударма, мысалдар жинағы басылды. 1913 жылдан бастап «Қазақ» апталық газетін ұйымдастырып, оның редакторы 1917 жылға дейін А. Байтұрсынұлы болды.

ХХ ғасырдың басындағы ұлттық әдебиеттің аса белгілі өкілдерінің бірі – Шәкәрәм Құдайбердіұлы (1858-1931жж.) болды. Ол Абай негізін салған ұлағатты әдеби дәстүр шеберлігін тереңдетті. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік білген, орыс тілін де жақсы білген Шәкәрәм – Орта Азия, Қазақстан, Шығыс Түркістан өлкесінде кең танылып, белгілі болған ақын.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қандай мақсатпен патшалық Қазақстанда жаңа отарлау саясатын бастады? Тарихи құжаттарды салыстырыңыз.
2. ХХ ғ басындағы қазақ ұлттық зиялыларының саясатын мінездеп беріңіз.
3. ХХ ғ ұлттық қозғалыс кезінде саяси баспасөздің рөлі қандай еді?
4. ХХ ғ басында қазақ халқының саяси санасының өсуін түсіндіріңіз.

Тақырып №15: Азаматтық қарама қарсылық жылдарындағы Қазақстан (1917-1921жж)

Жоспар:

1. Ресейдегі уақытша өкіметтің орнауы

2. Алаш орданың пайда болуы

1917 жылы қазанның аяғынан 1918 жылдың наурызынан дейінгі аралыққа созылған Кеңес өкіметінің орнату үрдісі тарихта «Кеңес өкіметінің салтанатты шеруі» деп аталды. Қазан революциясы қарсаңында Қазақстанда негізінен алты облыс: Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария болған еді. Өлкеде өкімет билігі екі жолмен іске асырылды:

1) ***Бейбіт.*** Революциялық күштер басым болған, жергілікті Кеңестер болыдивиктер жағына бүтіндей шыққан, жақсы қаруланған Қызыл гвардия жасақтары бар аудандарда өкімет билігі жұмысшылар мен шаруалардың қолына болыневиктердің Кеңесте көпшілік орынға ие болуы арқылы-бейбітжолы мен көшті. Мұндай жолмен негізінен Ақмола, Сырдария облыстарының және бұрынғы Бөкей Ордасының елді пункттерінде орнады.

2) ***Қарулы күрес.*** Революцияға Өарсы күштер (ақ қазақ әскерлері, орталықтан қашқан контрреволюция күштері) айтарлықтай шоғырланған және ұлттық либералдық зиялардың ықпалы басым аудандарында өкімет билігі большевиктердің қолына қарулы күрес жолмен өтті. Қазақстанның Орал, Торғай, Семей, Жетісу облыстарының жерінде Кеңес өкіметі қанды қақтығыстар негізінде орнады.

Қарашаның 22-сінде Ферғана хандығының бұрынғы астанасы Қоқан қаласында Бүкілтүркістандық Төтенше IV съезд ашылды. Съезд Ұлы Ресей революциясы жарияланған негізінде өлкені мекендейтін халықтардың еркін білдіре отырып, Түркістан территориялық жағынан Ресей Федерациясының құрамындағы автономиялы республика деп жариялады және Түркістан

автономиясы нормаларын белгілеуде Құрылтай жиналысына тапсырды.

Съезд Түркістанды мекендейтін аз ұлттардың құқықтары барынша сақталды деп салтанатты түрде мәлімдеді.

М.Шоқай президент болып тағайындалды. Жаңа мелекеттік құрылым «Түркестан мухтариат» деп аталды. Ислам автономияда мемелекеттік дін деп аталды.

Бүкілқазақтық Алашорда Кеңесінің мүшелері сайланды. Съезд қарсаңында «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жариялады. Он бөлімнен тұратын бұл құжатта партияның мемелекеттік құрылыс, қорғаныс, дін, ғылым, ағарту саласы, аграрлық мәселе және т.б. жжөніндегі кең көлемді бағдарламасы берілген. Жобаның негізгі бағдрамалық қағидалары Бүкілқазақ съезінің шешімдерінен көрініс тапты.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Азаматтық соғыс кезінде большевиктердің ұлттық саясаты мен ақ гвардияның саясатын салыстырыңыз. Жағдайға сараптама беріңіз.
2. Қазақстан әскери коммунизмді неден байқауға борлар еді? Бұл мәжбүр шара болды ма?
3. Не себепті Алаш партиясы соғыс кезінде саяси тұрақтылықсызды көрсетті? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. Алашордалықтар әскери әрекеттерді тоқтату үшін қандай шаралар қолданды? Құжаттарға сараптама жасаңыз.

Тақырып №16: Тоталитарлы жүйенің күшеюі кезеңіндегі Қазақстан.

Қазақстандағы индустриализация (1926-1940)

Жоспар:

- 1) **Тоталитарлы жүйенің күшеюі.**
- 2) **Тоталитарлы жүйенің күшеюі кезеңіндегі Қазақстан 1925 ж.**

Қазақстанда жаңа экономикалық саясатқа көшу арасан зор қиындықтармен жүргізілді. 1921 жылы жазында республиканың едәуір бөлігін қуаңшылық жайлады. Оның алдында қатты жұт болып, ол кей

жерлерде малдың 80%-ына дейін қырылуына әкеп соққан еді. Республика халқының 1/3 бөлігін аштық жайлады, ашыққандар 1921 жылы XI-да 1 млн. 508мың, 1922 жылы III-да 2млн. 303200 адам болды. 1921 жылы жазында Рүкіресейлік Орталық Атқару Комитетінің декретімен Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай губерниялары аштық жайлаған аудандарға жатқызылды. Аштыққа індет қосылды. 1922 жылы маусымында Батыс Қазақстанда 82% халық аштық пен індетке ұшырады.Қайыршылық пен аштық Кеңес үкіметі органдарынан өлкенің 2 млн-нан астам ашыққан халқына көмек көрсету жөнінде төтенше шаралар қолдануды талап етті. Кеңетік Түркістан туысқандық көмек көрсетті, 20 мың ашыққан адамды қабылданды. 1921-1922 жылдары аштықтан республиканың көшпелі және жартылай көшпелі аудандарындағы демографиялық жағдай одан сайын асқына түсті.

Жер-су реформасы.Қазақ АКСРі еңбекшілерінің өмірінде патша өкіметінің жер жөніндегі саясатының зардаптарын жоюдың маңызы үлкен еді. 1921ж Жетісуда жер реформасы жүргізілді. Қазақ қырғыз және ұйғыр еңбекшілеріне олардан 1916ж көтерілісті басу кезінде тартып алынған жері қайтарылды. Жетісу мен оңтүстік Қазақстанның 1 млн десятина жері шаруаларға берілді.

Ауылдарда кеңес өкіметінің нығаюы мен қазақ еңбекшілерін мемлекеттік және шаруашылық құрылысқа тарту ісінде 1921ж құрылған «Қосшы одағы» деп аталынған кедейлер ұйымы да үлкен рөл атқарды. Қосшы одағына қазақ кедейлерімен қатар қоныстанушылар да тартылды . Қосшы одағы кедейлерге еңбек артельдерін құруға көмектесті. 1921-22жж жер-су реформасы патша үкіметінің аграрлық қатынастар саласындағы отаршылдық саясатына соққы берді.ЖЭС-ң қиыншылықтары мен табыстары.1921ж III-да азық салғыртын азық салығымен алмастыру, әскери комунизмнен жэс-қа көму туралы шешім қабылданды. ЖЭС-ң енгізілуіне байланысты жерді жалға беруге және алуға жолдама еңбекті қолдануға рұқсат етілді, ауыл шаруашылығы несиесі және тұтыну кооперациясын дамыту көтермеленді. Әскери комунизм кезіндегі

еңбек міндеткерлігі жойылды. Ұсақ кәсіпорындар жеке адамдарға немесе кооперативтерге жалға берілді. Теміржол және автомобиль тасымалының өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің кәсіпорындары шаруашылық есепке көшірілді.

1925 жылы жазда республика басшылығына Орталық Ф.И.Голощекинді жіберді. Жергілікті жағдаймен танысып алған соң Ф.Голощекин И.Сталинге арнайы хат жолдап, онда ендігі уақытта басымдылық жалпыұлттық міндеттерге емес, қазақ ауылын кеңестендіруге, республика өмірінде коммунистердің үлес салмағын күрт арттыруға, басқару аппараттарын жергілікті өндіруге, яғни қазақ бұқарасына қазақша қызмет жасауға, сондай-ақ *«ұлкен саясатқа»* емес, қалың қазақ бұқарасының күнделікті мұқтаждықтарын қанағаттандыруға берілмек екендігін тәптіштеп айтты. Ф.Голощекин ұсынған «Кіші Қазан» концепциясы осындай тұжырымдардан тұрды және ол И.Сталиннің толық қолдауын алды. Ф.Голощекин бастаған саяси басшылық қазақ ауылын кеңестендіру жолында тұрған негізгі кедергі байлар табы деп түсінді. Соңдықтан да 1926 жылы 20 мамырда «Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы» заң қабылдап, байларды мал жайылымынан айыру шарасын осы жылдың маусым және шілде айларында бастап кетті. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлуде бірқатар қиындықтар кезікті: жерді өлшеу даярлықсыз жүргізілді, болыстық атқару комитеттері мен ауылдық кеңестерде бұл шараның мақсаты мен мәнін толық түсініп, оны ақырына дейін жеткізуге мүдделі қызметкерлер аса көп байқалмады.

«Кіші қазан» бағдарламасы аясында шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу арқылы қазақ ауылында тапаралық «майдан ашудан үміттенген кеңестік басшылық бұл үміті ақталмаған соң, жаңа ауқымды да қауырт шараларды іске асыруды қолға алды.

Қазақстандағы индустрияландыру ісі уақыты жағынан КСРО халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдығымен (1928-1932жж.) тұстас

келді және мейлінше қиын жағдайда өтті. Ол кезде халық шаруашылығын қалпына келтіру әлі аяқталмаған еді. Тұтас алғанда өнеркәсіп өндірісі соғысқа дейінгі деңгейінің 61% -ына ғана жетті. Өнеркәсіптен Орал-Ембі өңіріндегі бірнеше мұнай кәсіпшіліктері, Орталық Қазақстандағы көмір өндіретін шағын шахталар және Алтайдағы қуаты шамалы түсті металлургия кәсіпорындары ғана бар еді. Қазақстанның байлыққа толы кең-байтақ өлкесі туралы жинақталған ғылыми білім көп емес-ті. Байланыс және тасымал құралдары нашар дамыған еді. Қазақстан экономикасында ауыл шаруашылығының үлесі басым. Жаңа экономикалық саясат жағдайында өлке экономикасында болған өзгерістердің әсері сезіле қоймаған болатын.

Халық шаруашылығы ауыр өнеркәсіптің жетекші салаларын дамытуды, шахталар мен кеніштерді толық іске қосуды, жергілікті өнеркәсіп орындарының ескілерін қалпына келтіріп, жаңаларын салуды, халық шаруашылығының мұқтажына қажетті теміржолдар мен техникалық байланыс құралдарын орнықтыруды талап етті. 1927жылы Түркістан - Сібір теміржол магистралі салына бастады. Бұл теміржол құрылысы еліміздің тарихына еңбек ерлігінің үздік үлгісі ретінде енді. Оның құрылысында 100 мыңдай адам: орыстар, қазақтар, қырғыздар, дүнгендер, татарлар, башқұрттар еңбек етті. 10 мыңдай қазақ жұмысшылары теміржолшы, құрылысшы, техник, жол ісінің шебері мамандықтарын меңгерді. Солардың бірі Д:Омаров қатардағы жұмысшыдан Түрксіб теміржолының бастығына дейін көтерілді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қазақстанда НЭП-ң даму ерекшеліктері қандай еді? НЭП-ң баламасы болды ма?
2. Қазақстандағы «Кіші қазан» саясатының мағынасын ашыңыз. Оның авторы нені көздеді?
3. 1924 ж Орта Азиядағы ұлттық-тоталитарлы жүйенің күшеюінің негізгі себептері не деді? Саяси сатыларды сараптамадан өткізіңіз..

4. 1921 ж Қазақстан жер-су реформасының мағынасы неде еді?

Большевиктердің ұлттық тепетеңдік саясаты қандай мақсатты көздеді

Тақырып №17 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан (1941-1945жж.)

және соғыстан кейінгі кезең.

Жоспар:

- 1) **Ұлы Отан соғысының басталуы**
- 2) **Гитлерлік фашизмнің әскери жоспарлары**
- 3) **Қазақстан экономикасын әскери қалыпқа қайта құру.**
- 4) **Мәскеу, Ленинград үшін шайқастағы Қазақстандықтар.**
- 5) **Қазақстан-Сталинград майданының ең жақын тылы.**
- 6) **Берлинге жасалған ақтық шабуыл**

«Барбаросса» жоспарын жасаған кезде фашистік германияның билеушілері КСРО-ны көп ұлттың жасанды және тұрақсыз біртiгi, iшкi бiрлiгi жоқ этностық конгломерат (құранды) деп есептеді. Фашистер басып алынатын кеңес аумағында Остланд (Белорусь пен Балтық жағалауы), Украина, Московия (Ресей) және Кавказ, елдің шығыс шет аймақтарында Түркістан және Еділ – Орал рейхкомиссарианатын құруды жоспарлады. «Ғылыми-зерттеу институты» деп аталған «Арбайтегемайншафт Түркістан» атты жоғары барлау мектебі құрылып, болашақтағы «Үлкен Түркістан» картасын әзірледі. Оған Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Шыңжан, Ауғанстанның бір бөлігі енгізілді. Қуыршақ мемлекет құру идеясы экономикалық және саяси мақсаттардан туындады. Бұл өңірде ұлы Герман империясы үшін қуатты шикізат және азық-түлік базасын құру белгіленді.

Қазақстандықтар Мәскеу, Ленинград шайқастарында.

Отан соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық шайқастарда фашистік басқыншыларға қарсы ұрыстарға қатысты. Соғыстың алғашқы кезеңінде Қазақ КСР-нде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, үйретіліп, майданға аттандырылды. Құрылған бөлімдер

мен құрамалар құрамы жағынан көпұлтты болды. Брест қамалын қорғаушылар арасында қазақстандықтар А.Наганов, В.Фурсов, Қ.Тұрдиев, Ш.Шелтыров және т.б болды. Дивизия комиссары, Оңтүстік-батыс майдан әскери Кеңесінің мүшесі Е.П.Рыков басқарған 800 жауынгер 1941 жылғы 20 ІХ-те неміс-фашист басқыншыларымен шайқасқа түсті. Олар тең емес күшпен 3 тәулік бойы шайқасып, бәрі дерлік қаза тапты.

Мәскеу түбінде генерал-майор И.В.Панфилов қолбасшылық еткен даңқты 316-атқыштар дивизиясы ерлікпен шайқасты. 1941ж қарашада Дубосекова түбінде ұрыс салған 1075-атқыштар полкінің танк жоюшылар тобының ерлігі елге мәлім болды. Мәскеу үшін шайқаста И.В.Карпов қолбасшының еткен атқыштар полкі мен аға лейтенант Б.Момышұлы басқарған батальонның жауынгерлері ерекше табандылық пен қаһармандық көрсетті. Дивизия жаудың 4 есе басым күшіне қарсы кескілескен ұрыстар жүргізді. Мәскеу шайқасында В.Г.Ключков, И.В.Панфилов, М.Ғабдулин, Т.Тоқтаровтар кеңес одағының батыры атағына ие болды.

Қазақстанда құралған әскер бөлімшелерінің 1/3 Ленинград түбінде соғысты. Балтық флотында қызыл тулы бір ғана «Киров» крейсерінде 156 қазақстандық жауынгер сапта тұрды. Ленинград үшін шайқастың ауыр күндерінде С.Баймағамбетов өшпес ерлік жасап, КОВ атағы берілді. 1941ж қыркүйекте қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім!» деген жырын арнап, онда ұлтты еліміздің бүкіл еңбекшілерінің ой-пікірін, сезімі мен алаңдаушылығын білдірді.

Қазақстан-Сталинград майданының ең жақын тылы.

1942ж күзінде Сталинград түбінде кескілескен ұрыстар жүріп жатты. Ауқылы жағынан адамзат тарихында болып көрмеген Сталинград шайқасының отты жалыны Қазақстан даласын да шарпыды. Қазақстан Сталинград облысымен 500 шақырым бойынша шекаралас жатқан еді. Сондықтан Сталинград майданында жүріп жатқан соғыс қимылдарына Батыс Қазақстанның ресурстары кең ауқымды тартылды. 1942ж күзінде Каспий өңіріне соғыс жағдайы енгізді. Ақтөбе облысының кейбір аудындарында

қорғаныс құрылыстары салынды. Сталинград шайқасы барысында Кеңес әскері II д/ж соғыстағы түбегейлі бетбұрысқа шешуші үлес қосып, гитлерлік Германияның және бүкіл фашистік мемлекеттер одағының сөзсіз жеңілісін жақындата түсті. Еділ бойындағы шайқас бүкіл д/ж тарих шежіресіне ұмытылмас ерлік беттерін қосты.

Соғыс бағыты-Батыс.

Мыңдаған қазақстандықтар Украинаны, Беларусьты, Балтық республикаларын, Болдованы озат ету жолындағы ұрыстарға қатысты. Олар туысқан республикалар жерін өздерінің туған өлкелеріндей сүйіспеншілікпен жаудан босатты. Жүздеген қазақстандықтар шетелдердегі Қарсыласу қозғалысына қатысты. Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын Жұлдыз медалімен марапатталған қазақ қыздары 100-қазақ ұлттық атқыштар бригадасының пулеметшісі М.Мәметова мен 54-атқыштар бригадасының мергені Ә.Молдағұлова болды. Олардың екеуі де 100-ден астам жауды жойып, шайқас үстінде қаза тапты. 500-ге жуық қазақстандықтар Ков атағына ие болды, 10-даған мың адамдарға жоғары әскери белгілер беріліп, түрлі марапаттарға ие болды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Фашистердің «Үлкен Түркістан» жоспарының мәні не еді? Осы жопсардың табысқа жету мүмкіндігі болды ма? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Қазақтардың ҰОС кезінде фашистерден жеңуіндегі рөлі мен үлесі сұрағы бойынша толық жауап беріңіз.
3. Кавказ және Поволжья елінің ҰОС кезінде Қазақстан жеріне көшірілуі бойынша сараптама жасаңыз. Сталин саясатының антигуманизімі неде еді?
4. ҰОС және соғыстан кейін жылдардағы республиканың саяси- мәдени жағдайына сипаттама беріңіз. Толық сараптама жасаңыз.

Тақырып №18 50 ж.- 80 ж. бірінші жартысындағы Қазақстан.

Жоспар:

- 1) Жаппай тың игеру.**
- 2) Қазақстан халқының әлуметтік құрылымдағы өзгерістер.**
- 3) Қоғамның саяси және рухани өмірі.**

60-шы жылдардың басында өнеркәсіп пен құрылысты экономикалық аудандардың халық шаруашылығы кеңестері арқылы басқару жүйесінің кемшіліктері бірден-бірге айқындала түсті. Өнеркәсіпті басқаруда халық шаруашылығы кеңестерінде толып жатқан жаңа бөлімдердің құрылуы өнеркәсіп салаларының бөлшектенуіне әкелді. Өндірісті басқарудың, жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың түрлері мен әдістері елдің өндіргіш күштерінің жаңа, неғұрлым жоғары дәрежесіне сай келмеді, олардың дамуын тежеді.

Қазақстанда астық өндіру төмендеп кетті. Хрущев Қазақстанды сынақ алаңы ретінде пайдаланып, көптеген тың тәжірибелерді, оның ішінде келешегі жоққа тән тәжірибелерді республикада сынақтан өткізіп байқап көрді.

Гидропоникалық әдіспен өсімдік өсіру, жүгеріні жаппай егу, т. б. осы сияқты тәжірибелер Қазақстан шарушылықтарында байқаудан өтті. Оның айтуымен республиканың оңтүстіктегі аудандары көршілес республикаларға берілді, өлкелер құрылды. Көптеген қалалардың аттары өзгертілді. Сөйтіп, Ақмола - Целиноград атанды. Оңтүстік Қазақстан облысы - Шымкент облысы, ал Батыс Қазақстан облысы - Орал облысы болып өзгертілді. КОКП Орталық Комитетінің 1965 ж. қыркүйек айында өткен Пленумының шешімдері бойынша өнеркәсіп салаларында жоспарларды жетілдіру, сондай-ақ, жаңа техниканы енгізу, материалдық ынталандыру бағдарламасын іске асыруға айырықша көңіл бөлінді.

"Тоқырау" кезеңі дейтін 1971-1985 жылдар аралығында Қазақстан экономикасы бұрынғысынша техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр әдіспен алға басты.

Бұл кезде Қазақстанда экономиканы дамытуда интенсивті жолға көшу және ғылыми-техникалық прогресті өрістетуге бағыт алынды. Қызықты

идеялар мен ұсыныстар аз болған жоқ, жаңашылдар мен өнертапқыштардың саны көбейді, тек 1981-1985 жж. жаңашыл ұсыныстар берген авторлардың саны 818,8 мың адамға жетті. Алайда, олар өндіріске ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу практикасында аз ықпал жасады. Көптеген кәсіпорындарда өндірістің бүкіл процесі емес, тек жеке учаскелері ғана автоматтандырылды, немесе комплексті механикаландырылды. 80-ші жылдардың орта кезінде өнеркәсіптегі жұмысшылардың үштен бірі, құрылыста жартысынан астамы ауыр қол еңбегін атқарды, олардың творчестволық белсенділігі төмен болды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. «Ермұхан Бекмахановтың ісі», орталық диктатурасының айқын көрінісін таптыңыз ба? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Хрущев жақтан ғибадат тұлға Сталинді сынға алуы- бұл уақыт лебі немесе мемлекеттегі саяси өзгерістер ме? Толық жауап беріңіз.
3. Косыгин реформасының қайшылығы неде еді? Осы реформаның баламасы болды ма? Нақты жауап беріңіз.
4. Осы кезеңдегі республиканың этникалық бірыңғайлыларын «шайу» не себеп болды? Құжаттарға толық сараптама жасаңыз

Тақырып № 19 Қазақстан КСРО дағдарысы мен ыдырауы кезеңінде

Жоспар:

1) Қайта құру саясаты.

2) Қазақстанда орын алған өзгерістер

80-ші жылдардың басына қарай КСРО қоғамның саяси ұйымдастырылуы, экономикалық қатынастар жүйесі елді күрделі дағдарысқа алып келді. Дағдарыс алды жағдай басшылықтың кезі жеткен өзгерістерді жүзеге асыра алмауынан ғана емес, олардың қажеттілігін түсінбеуінен байқалды.

1985 жылдың наурызында, КСРО басшысы болып М.С.Горбачев сайланды.

Ғылыми-техникалық өрлеудің негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету бағыты жарияланды.

Басшылық жеке шаралардың көмегімен, бүкіл мемлекеттік жүйені қайта қарай жолымен емес, идеялық-тәрбиелік жұмысты арттыру арқылы жағдайды түзетпекші болды. Сондықтан жеделдетудің сәтсіздіктері үшін кінәлі болып жеке басшылар (Мәскеуде В.Гришин, Ленинградта Г.В.Романов, Қазақстанда Д.А.Қонаев) жарияланды.

Ұлттық саясат бұрмаланды. 1954 жылдан 1986 жылға дейін республикада қазақ тілінде оқытатын 600 мектеп жабылды. Қазақ тілі қоғамдық функцияларынан айырылды және қатаң тұрмыстық тілге айналды.

1986 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Компартиясының ОК V Пленумы өтті, Д.А.Қонаевтың орнына Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы болып, бұрын республикада жұмыс істемеген, Г.В.Колбин тағайындалды.

1986 жылдың 17-18 желтоқсанында Алматыда қазақ жастарының толқуы орын алды. Демонстрация бейбітшіл саяси сипатқа ие болды, мемлекеттік құрылысты құлатуға және өзге халықтарға қарсылық білдірмеді. Мәскеу күш қолданды, 1987 жылдың маусымында КПСС ОК желтоқсан оқиғаларын «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деп бағалады.

Қайта құрудың **үшінші кезеңі** (1989-1991) саяси жүйенің өзгеруімен белгілі. Кеңес қоғамындағы КПСС жетекші ролін бекітетін, КСРО Конституциясының алтыншы бабы жойылды. Партиялық комитеттердің билігі әлсіреді.

Қазақстандағы алғашқы және көпшілікті қамтыған қозғалыстардың бірі О.Сүлейменовтың «Невада-Семей» қозғалысы болды. **1990 жылдың шілдесінде** «Азат» азаматтық қозғалысы тіркелді, оның басты мақсаты – Қазақстанның мемлекеттік егемендікке ие болуы. **1991 жылдың күзінде** азаматтық қозғалыс өзінің саяси партиясын құрды. Осы кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-демократиялық партиясы ұйымдастырылды. Жастардың шағын тобы «Алаш» партиясын құрды. **1990 жылдың тамызында** «Бірлік» ұлтаралық қозғалыс құрылды. 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының қатысушылары «Желтоқсан» партиясын ұйымдастырды.

1989 жылдың сәуірінде «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы құрылды.

1991 жыл 533 (11 % астам) кәсіпорындар мен ұйымдарда 600 млн. рубль

шығынмен аяқталды. Өндіріс көлемі күрт азайған кезде кәсіпорындар мен халықтың кірістері күрт өсті. Шоқырақ инфляцияны, бағалардың өсуін тудырған, ақша эмиссиясы арта түсті.

Экономиканың бұрмаланған, шикізаттық бағыты сақталды. Халық наразылығы Маңғыстау облысының Жаңаөзен қ. оқиғалардан көрініс тапты. Қалаға келген вахтовиктер қазақ халқының дәстүрлерін өрескел бұзды, бұл 1989 жылдың маусымында жаппай тәртіпсіздікке, қантөгіске алып келді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. 1986 ж Алма–Ата қаласындағы желтоқсан оқиғасын сипаттаңыз. Осы оқиғаның нақты себептерін атаңыз. Толық жауап беріңіз.
2. Горбачев реформасының қайшылығы неде еді? Оның тиімді аспектілері болды ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз.
3. Осы кезеңдегі Қазақстанның сыртқы экономикалық байланысына дербес баға беріңіз.
4. Осы кезеңдегі Жаңаөзен уақиғаларының мәселесі қандай еді? Толық жауап беріңіз.

Тақырып №20 Мемлекеттік тәуелсіздікке ие болу

Жоспар:

- 1) **1991 ж 19 тамызындағы Мәскеу төңкерілісі.**
- 2) **Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің жариялануы**

Қазақстан Республикасының Конституциялары, Қайта құру кезіндегі (1985-1991ж.ж) Кеңес Одағында болып өткен өзгерістер әлемге әйгілі ұлы мем-н ыдырауына әкеліп соқты.

1991ж. 16 желтоқсанда Қазақстан шын мәніндегі тәуелсіз және демократ-к мем-т болу мүмкіндігіне ие болды. Алда саяси және экономикалық өзгерістер стратегиясын белгілеу міндетті тұрды. Әсіресе дамудың мынадай жолдарын белгілеп алу керек болды: экономикада-нарықтық қатынастарды тұрақтандыру; саясатта-азаматтық қоғам мен құқықтық мем-т құру. Бұл бағыттың ілгері дамуы қоғамның ең жоғары құндылығы есебінде.

1992 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасының мем-к Гимні мен мем-к туы айшықтанды.

1992ж 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Гимні бекітілді.

1993ж 28 қаңтарда Қ.Р жаңа конституцияға ие болды.

1995ж 30 тамызда Конституцияға енгізулер енгізді.

1995ж Қазақстанда ішкі және сыртқы саясат едәуір айшықтана түсті.

-мем-н ұлт аралық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатымен 1995ж наурызда Қазақстан халықтар Ассамблеясын құрды

-халықаралық сахнада Қазақстан көптеген елдердің мойындауы мен көмегіне ие болды.Осындай жағдайда Қазақстан Республикасының халық ел

президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұстанған саяси бағытын қолдап қуаттап,

1995ж 29 сәуірде өткен республикалық референдумда мемлекет басшысының өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту жөнінде өз дауыстарын берді.

1998ж қазан айында 1995ж Конституцияға республикадағы саяси реформалардың негізіне асырылуына байланысты өзгертулер мен толықтырулар

енгізілді.2007ж мамыр айында президенттік-парламенттік республика моделінің дамуына заңды негіз беретін өзгертулер мен толықтырулар

енгізілді.Қ.Р-ң Президенті мемлекет басшысы, ол ең жоғарғы жауапты қызметкер, ішкі және сыртқы бағыттарды анықтайды.

Қ.Р-ң парламенті респ-ң заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғарғы өкілетті орган.Үкімет-атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

Премьер-министр ұсынуымен Президент үкіметтің қызметін анықтайды.

1992ж мем-т иелігіненалу мен жекешелендіру бағдарламасы басталды.Алғ. жылы 6200-дей ұсақ мекемелер жекешелендірілді.1993ж.15 қарашасында

респ-ң ұлттық валютасы-теңге айналымы енді.1995ж жерді иелену пайдалану құқығын сатуға бай-ы нарықтық қатынастарға рұқсат

етілді.(1995ә14желтоқсан Жер туралы заңы)1997ж 20 маусымында Қ.Р. «Қ.Р зейнетақы мен қамтамасыз ету туралы» заң қабылданды.

1992ж ә наурызда Б.Ұ.Ұ мүшелікке алу жөніндегі қарарға қол қойды.

1997ж бастап «Қазақстан -2030» стратегиялық даму бағдарламасында ашып көрсетілді.1997ж 11 шілдесінде «Тіл туралы заңы» қабылданды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Н.Ә.Назарбаевтың КСРО ыдрауына байланысты айқындамасын түсіндіріңіз. Толық жауап беріңіз.
2. «Егемендіктің салтанатты шеруі» - бұл не? Жағдайға дербес сараптама беріңіз.
3. Осы кезеңдегі саяси партиялардың және қозғалыстардың республикада алып отырған орны қандай?
4. Осы жылдары қазақ халқының этникалық және мәдени жандануы қайдан байқалды? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

Тақырып №21 Нарықтық экономика жолдарындағы Қазақстан

Жоспар:

- 1) Республика экономикасын дамыту жолдары
- 2) Нарықтық экономика үлгісі
- 3) Нарықтық экономика тетіктерінің қазақстанда орнығуы

Республика экономикасын дамытуда түбегейлі бетбұрыстарға қадам жасай тәуелсіздік алудан бұрын басталғаны белгілі.1990-1991жж ішінде-ақ кооперативтер, шағын кәсіпорындар, сауламен айналысатын фирмалар құрыла бастаған болатын. Қазақстан әлі КСРО-ң құрамында болған кездің өзінде кооперативтер мен кәсіпорындар туралы, мем-т иелігінен алу және декешелендіру туралы заңдар қабылданды.Экономиканы күштеп басқарудан нарықтық жүйеге көшу аса қиын әрі күрделі болып шықты. Бұрыннан қалыптасқан шаруашылық байланыстарының үзілуі салдарынан көптеген кәсіпорындар қиын жағдайға тап болды, олардың тоқтап қалуы қалыпты құбылысқа айналды. Тұтынушылық рынок мәселелері барынша шиеленісті. Қағаз ақшаны көп шығару салдарынан оның құнсыздануы күшейді.

1992ж. басынан Ресейде бағаның босатылуы республикадағы жағдайды қиындата түсті. Қазақстан Ресейде жүзеге асырылған шараларды қайталауға

мәжбүр болды. Республика Призиденті Қаз-ң жоғарғы Кеңес Азық-түліктің, ең алдыменғ нанның, сүт өнімдерінің, кондитер бұйымдарының бағасының күрт өсуі халыққа, әсіресе жалақысы төмен азаматтарға және көп балалы отбасыларынаауыр соққы болып тиді. Өмір сүрі жағдайларының нашарлауы халықтардың наразылығын туғызды. Зейнеткерлер, мұғалімдер, дәрігерлер жалақыларын көбейтуді талап еткен ереуілдерге шықты.

Экономиканы жөнге салу мақсатында стратегиялық бағыттар қабылданып жатты. Нарықтық экономиканың үлгілері.

Нарықтық экономиканың даму үлгілері әлемнің әр жерінде түрліше қалыптасқан. а) әлеум-нарықтық экономика үлгісі (Германия, Швеция т.б)

ә) ұлттық шаруашылыққа негізделген үлгі (Жапония, Оңтүстік Корея т.б)

б) Американдық даму үлгісі. в) Қазақстанның эконо-қ даму үлгісі

Нарықтық экономика тетіктерінің қазақстанда орнығуы.

Жылдар	Экономикалық тетіктер
1991	Баға мен сыртқы сауданы ырықтандыру
1992	Шағын жекешелендіру
1993	Ақша жүйесі мен банктерді реформалау
1994	Валюталық реттеу, қатаң қаржы-несие саясатын жүргізу
1995	Жерге жеке меншікті енгізу, кәсіпорындарды басқарудың жаңа құқығын енгізу, салық реформасы, кеден тәртібі, екшеулі өндіріс саясатын жүргізу
1996-1998	Жер ресурстарын жекешелендіру, экономикалық өкіметті орталықтандырмау, кәсіпорындарды сауықтыру және банкроттау, бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру, екінші жекешелендіру.
1999 жылдан бері	Нарықтық экономиканың институттық процестері үнемі жетілдіріліп келеді

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Нарықтық экономикаға көшу қиындықтары мен мәселелері. Толық жауап беріп сараптама жасаңыз.

2. Не себепті 90 жж Қазақстан Үкіметі кіші және орта бизнеске алқындыр-ұтыс тікті? Ашық жауап беріңіз.
3. Осы жылдардағы ҚР Үкіметінің әлеуметтік саясатың түсіндіріңіз. Оның күшті жақтарын айтыңыз. Толық жауап беріңіз.
4. «Қазақстан-2030» стратегиясының прогрессивтілігі неде? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Тақырып №22 Қазақстанның саяси-құқықтық құрылымының қалыптасуы.

Жоспар:

1) 1995 ж 30 тамызда ҚР Конституциясының қабылдануы.

2) Қазақстан Егемен жолында.

Қазақстан егемендік алғаннан кейін зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құруға кірісті. Мұны іске асыруда еліміздің тарихи және отарлауда болған мұрасы, оның саяси мәдениетінің өзіндік ерекшелігі, мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасы жан-жақты ескерілді. Елімізде саяси партиялардың және партиялық жүйелердің орнығуына, күшті заң шығарушы органның, тәуелсіз баспасөз және автономиялық жергілікті басқарудың дамуына көп көңіл бөлінді. Қоғамды демократияландыру барысында жаңа саяси институттар - парламент, 1993-ші және 1995 жылдардағы Конституциялар қабылданды, тәуелсіз сот билігі қалыптасты.

Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударып отыратын мәселе, ол - өзінің ең жақын және ірі көрші мемлекеттерімен, соның ішінде солтүстікте Ресеймен, ал шығыста Қытай Халық Республикасымен ойдағыдай қарым-қатынас орнату. Осы саясаттың нәтижесінде Қазақстан Республикасының егемен ел ретіндегі алдағы болашағы да байланысты дамыды. 1995 жылы 30-тамызда бүкілхалықтық референдум қабылданды, онда алдағы конституцияға өзгерістер енгізілді.

1. Мемлекетті дұрыс басқару.
2. Экономиканы түбегейлі реформалау.

3. Ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету.

4. Сындалы сыртқы саясат жүргізу.

1995 жылы конституция бойынша 9 бөлім бар:

1. Жалпы ережелер.

2. Адам және азамат.

3. Президент.

4. Парламент.

5. Үкімет.

6. Конституциялық кеңес.

7. Соттар және сот төрелігі.

8. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару.

9. Қортынды және өтпелі кезеңдер.

1995 жылы конституция бойынша ҚР былай деп сипатталады:

1. демократиялық

2. зайырлы

3. құқықтық

4. әлеуметтік

5. біртұтас

6. президенттік басқару

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

7. Не себепті республика 1993 ж заң аясына қимылдай алмады? Толық жауап беріңіз.

8. ҚР құқықтық базасын сараптаңыз. Оның қайшылығы неде? Толық сараптама жасаңыз.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің қазақ халқына жылсайынғы Жолдауының мәнісі неде? Толық сараптама жасаңыз.

1995 ж Конституция, Оның күшті жақтары неде?

Тақырып №23 Қорытынды жалпылау. Қазақстан және әлемдік қауымдастық
Жоспар:

- 1) **1994 ж Еуразиялық Одақтың құрылуы.**
- 2) **1996 ж БҰҰ, ОБСЕ ЮНЕСКО ұйымдарымен қарым-қатынас нығайту.**

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық байланыс жасауға, өзінің сыртқы саясатына айырықша көңіл бөледі. Бұрын КСРО-ның құрамында болғанда Қазақстанның ондай мүмкіндігі, жеке саясат жүргізу құқы болмағанды. Қазақстан өзінің сыртқы саясатында, әсіресе, басты үш мәселеге ерекше назар аударады.

Біріншіден, басқа елдермен, соның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және Америка Құрама Штаттарымен халықаралық байланысты өркендету.

Екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс қана орнатып қоймай, сонымен қатар олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу. Үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты болғызбау, ядролық қаруды қолдануды болдырмау. Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударып отыратын мәселе, ол - өзінің ең жақын және ірі көрші мемлекеттерімен, соның ішінде солтүстікте Ресеймен, ал шығыста Қытай Халық Республикасымен ойдағыдай қарым-қатынас орнату. Осы саясаттың нәтижесінде Қазақстан Республикасының егемен ел ретіндегі алдағы болашағы да байланысты. Сондықтан қалай дегенде де, солтүстігімізді жайлаған Ұлы елмен әрқашан жақын болу керек. Өйткені Қазақстан үш ғасырға жуық уақыт Ресеймен тарихи сабақтас, тағдырлас, көршілес қонып, шекаралас болып қатар өмір сүрді. Осы уақыт ішінде Қазақстан мен Ресейдің шежіресінде талай күнгей де, күңгірт беттері болған. Оларды адамдар ауыздан-ауызға жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа берді. Бауырлас халықтардың достығы мен ынтымақтастығын нығайтуда 1996 ж. 27-ші сәуірде Ресей Федерациясының Президенті Б. Ельцин мен Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев Алматыда кездесіп, Қазақстан мен Ресей бірлескен Декларациясына қол қоюының маңызы өте зор болды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. ҚР сыртқы экономикалық қызметіне халықаралық бағасы қандай? Баспасөз, интернет желілеріне сүйеніп сараптама беріңіз.
2. Н.Ә.Назарбаевтың әлем саясатында және ТМД елдерінің саяси процессінде рөлі қандай? Дербес сараптама жасаңыз.
3. ҚР Президентінің «Әлем эпицентрі» атты кітабін түсіндіріңіз. Оның мағынасы неде?
4. ҚР ұлтаралық татуластықтың сыры неде? Толық жауап беріңіз.

Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер:

1. А.Күзембайұлы, Е.Әбіл «Қазақстан Республикасының тарихы» - Астана, 2001 ж.
2. Қазақстан тарихы - Очерк. Алматы, 1993ж.
3. Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан – 2030». Алматы, 1998 ж.
4. М.Тынышбаев: «Қазақ халқының тарихы». Алматы, 1993 ж.
5. С.Г.Кляшторный, Г.И. Султанов: «Қазақстан. Үш мыңжылдық шежіресі». Алматы, 1992 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. С.Д.Асфендияров, П.А.Кунте «Дереккөздер мен материалдардағы Қазақстанның өткені». Алматы, 1995 ж.
2. Е.Б. Бекмаханов «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан». Алматы, 1993 ж.
3. «Қазақстанға жер аударылған халықтар: уақыт пен тағдырлар». – Алматы: «Арыс», Қазақстан-1998 ж.
4. С.Д. Асфендияров. «Қазақстан тарихы». Алматы, 1993 ж.

